Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

Жаркент Айнасы

№9 (30), 9 мамыр, сенбі, 2020 жыл, jar-aina@mail.ru

ЖАРКЕНТТЕН ШЫҚҚАН КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ СЕГІЗ БАТЫРЫ

Екінші дүниежүзілік соғыстың негізгі авторы – фашистік Германияның «Барбаросса» жоспары бойынша Қазақстан «Гросстуркестан» деп аталынатын аумақтың құрамына енуге тиіс болды. Жоспар бойынша фашистер КСРО жерінде Остланд, Украина, Московия, Еділ-Орал, Түркістан сияқты рейх комиссариаттарын құруды көздейді. Жоспарда көрсетілген «Гросстуркестан» отарының құрамына: Қазақстан, Татарстан, Башқұртстан, Орта Азия, Әзірбайжан, Қырым, Кавказ, Ауғанстан, Шыңжаң кіргізілді. Мұндағы мақсат – азық-түлік базасы ретінде қуыршақ мемлекет құру еді. Фашистер Кеңес адамдарын қырып-жою жолын осылай бастады.

Кеңес адамдарының патриоттық сезімі, әрине, бұл жоспарға қарсы тұра білді. Соғыс бастала салысымен Қазақстан аумағында әскери бөлімдер мен бөлімшелер жасақтала бастады. Республикада 2 млн. астам адам әскери даярлықтан өтті. Соғыстың алғашқы кезеңінде 14 атқыштар және атты әскер дивизиясы, 6 бригада құрылып, майданға жіберілді. Қазақстандық 36 – жеке атқыштар бригадасы 30-дан астам ұлттан құрылды. Сонымен бірге, 316 дивизиясымен қатар соғыстың алғашқы үш айында 238, 310, 312, 314, 287 және 391-атқыштар дивизиясы жасақталды. 1941 жылдың соңына қарай тағы да бір дивизия және үш бригада құрылды және 50-ге тарта жекелеген полктер мен батальондар жасақталған. Солардың ішіндегі 3 кавалерия дивизиясы мен 2 атқыштар бригадасы қазақтардан ұлттық негізде құрылды. Анығырақ тоқталатын болсақ, соғыстың алғашқы күндерінен-ақ барлық жерде әскери құрамалар мен бөлімдер құрыла бастады. 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрамалар құрылды. Фашистермен шайқастарда 328-ші, 310-ші, 312-ші, 314-ші, 316-ші, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы атты әскер дивизиялары, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадалары, 209-Зайсан, 219 – минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші, 992-ші авиациялық полктар даңққа бөленді.

(Жалғасы 2-бетте)

АРДАГЕР АТА

(Жеңістің 75 жылдығына орай туған жыр)

«...Күркіреп күндей өтті ғой соғыс,
Қайдасың, қайда дариға-ай сол қыз!»
Отан қорғаған қайран әкелер -
Бірді-екілі қалды ғой соңғы із...

Қасымдар кетті, Сырбайлар да өтті,
Соғыстың жырын Баукеңдер шертті!
«Дүниенің дүмше, қызығын көріп,
Азаматтары азабын шекті».

Біреуге өзің, затың ұнамай,
Майданнан келдің атың құламай.
Көптің бірі боп теріңді төктің,
Қан төккеніңе ақы сұрамай.

Қысастықтардың бәрін де көрдің,
Бөлшектеп кесіп тәніңді бердің!
Есесіне «сөлкебай» тағып,
Арқаңнан қақса, оған да көндің.

Көретін көкте құдай барсын деп,
«Бермегендерін өздері алсын» - деп,
Алдымен байтақ Елім мен Жерім,
Қан төгіп едің, аман қалсын деп!

Сен сондай едің Ардагер Ата,
Қын демедің шексең де жапа.
- Гитлер сұмдық тойымсыз еді,
ашкөздік түбі, бермеді опа!..

Деген сөзіңді жырыма қостым,
Айырсын ұрпақ дұшпан кім, дос кім!
Дүниені түгел жаулап алсаң да,
Өтеді жалған, өтеді бес күн!

Ардагер Ата күрсінді солай -
- Азапты күндер өтті ғой талай.
Бейбіт заманда, Алладан келген,
Өлімнің өзі, болады оңай...

Ислам-Ғали
ЖАРКЕНТИ

ЕРЛІКТЕРІҢІЗ МӘҢГІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Құрметті аудан тұрғындары!

Ардақты ардагерлер мен тыл еңбеккерлері!

Сіздерді бүкіл адамзат қауымына аса қымбат мереке 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ұлы Жеңіс – аға ұрпақтың ерлігін мәңгілік ел есінде сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Баршамыз үшін бұл күннің орны да, орайы да бөлек.

Сіздер сұрапыл соғыстың соқпағынан өтіп, Отан деп от пен суға түсіп, кең байтақ жерді қорғадыңыздар. Ерліктің ерен үлгісін танытып, бүгінгі бейбіт күн үшін жасаған өлшеусіз ерліктеріңіз мәңгі ұмытылмайды. Бұл Жеңіс – бүкіл соғысқа қатысушылар мен тыл еңбеккерлерінің қажымас қайраты мен қайсар рухының жеңісі.

Баршаңызды Ұлы Жеңістің 75 жылдық мерекесімен құттықтаймын! Ел іргесі тыныш, әрқашан бейбітшілік заманы болсын! Ортамыздағы майдангер аталарымыз әліде жасай берсін. Мерекелеріңізбен!

Құрметпен, Панфилов ауданының әкімі –
Талғат ӨМІРӘЛИЕВ.

МЕНІҢ ӘКЕМ

Жеті атасын жатқа айтатын қазақ дәстүрінде санат әкеден басталады, яғни ұрпақ сабақтастығындағы түпқазық әке ұғымы. Қазақ танымында әкенің әлеуметтік дәрежесі де биік. Қауымдасып тірлік еткен қазақ қоғамында ер адамға деген көзқарас отбасының асыраушысы ғана емес, әулеттің қамқоршысы ретінде қалыптасқаны біздің халыққа тән ерекшелік. Баланың ержетуі, оның тіршілікке қабілетті болуы сияқты алғышарттар әке ықпалымен қалыптасатыны өмір заңдылығы. Әсіресе, ер баланың ержетіп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуына, қоғамдағы өз орнын дұрыс табуына әкенің атқарар еңбегі ерекше. Сондықтан да, «Әке – асқар тау» деп айтылған-ау. Менің пайымдауымша, әкенің ең үлкен міндеті отбасының игілігін қамтамасыз етумен қатар ұрпақ сабақтастығының жалғастығына өз үлесін қосу.

Қазақ халқының ғасырлар бойы шыңдалған дәстүрінде әкені құрметтеу, қастерлеу, оның отбасындағыдәрежесін жоғары ұстау, оған қарсы келмеу ғұрпыежелден қалыптасқан. Қазақы болмысқа тән осындай дәстүр сабақтастығын жалғастырған отбасында өмірге келіп, сол ұядан ұшып шыққаным мен үшін зор мақтаныш.

Мен ес білгеннен бастап, әкемнің бойынан әрдайым тегеуірінді ерік - жігерді, рухани мықтылықты, батылдықты, адалдықты, сонымен қатар білімділікті, әсіресе, өнерге деген құштарлықты көріп келемін. Әрине, әкенің мінез - құлқы, өзгелермен қарым - қатынасы, білімі мен өнері баланың көз алдындағы үлгісі екені заңдылық. Әкемнің адамдарға деген ілтипаты, еңбекке деген зор ынтасы, өнерге деген құштарлығы сол ұядан ұшып шыққан барлық баласының бойына дарып, жүректеріне ұялады.

Мен осы мақалада өзім білетін жайлардан суыртпақтап сыр шерте отырып, әкемнің көпке таныс емес кейбір қырлары мен сырлары жайлы қысқаша әңгімелекпін.

(Жалғасы 6-бетте)

АЛДЫМЕН «ҚАРА ҚАҒАЗ» КЕЛІП, АРТЫНАН ӨЗІ АМАН ОРАЛҒАН АРДАГЕР

Жазиралы Жаркент жерінің байырғы тұрғыны, соғыс және еңбек ардагері Нұрахмет Көшербаевтың ұрпақтары Ұлы Жеңіс мерекесі күнін жыл сайын ерекше қуанышпен қарсы алады. Мәуелеген бәйтеректей тамырын тереңге жіберіп, саясын кеңге жайған бұл әулеттің бас иесі Нұрахмет ата 1898 жылы Алматы облысы, Панфилов ауданы, Айдарлы ауылында дүниеге келген. Ат жалын тартып азамат атанған соң осы өңірдегі «Еңбекші» шаруашылығында, одан кейін Каганович атындағы колхоздың ауыл шаруашылығы саласында қарапайым колхозшы болып еңбек етеді. Сол кезде Екінші дүниежүзілік соғыс басталып, 1941 жылы 1 қарашада ел қорғауға аттанған. Біраз уақыт әскери даярлықтан өткен соң 1942 жылдың қысында 313-ші атқыштар полкінің құрамында жауға қарсы алғаш рет шайқасқа кіреді.

Тарихтан белгілі, Курск доғасы үшін болған ұрыс - Ұлы Отан соғысындағы ең қанды шайқастардың бірі. Осы атақты қан майданның нағыз қызған кезінде ержүрек қаруластары қатарында Нұрахмет ата да қас дұшпанымен аяусыз айқасады. Бұл ұрыстан соң 1943 жылы 13 қаңтарда зайыбы Жұмаш апай «Көшербаев Нұрахмет неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресте ерлікпен қаза тауып, Курск қаласының жанындағы Тербухо селосында жерленді» деген қаралы хабар жазылған қағаз алады. Алайда, арада едәуір уақыт өткенде «Қосағымнан айырылдым» деп қайғыдан қан жұтып жүрген жұбайына Нұрахмет атаның тікелей өзінен «Аманмын. Госпитальдан жазылып шығып, қайтадан қанқұйлы жауға қарсы аттанып барамын» деген хабар жетеді.

(Жалғасы 3 бетте)

(Басы 1-бетте)

ЖАРКЕНТТЕН ШЫҚҚАН КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ СЕГІЗ БАТЫРЫ

Суретте: Панфилов ауданы ҰОС ардагерлері, 2014 жыл.

Қазақстанда құрылған әскери құрамалардан алғашқылардың бірі болып, 312-атқыштар дивизиясы, командирі – полковник А.Ф.Наумов, кейіннен Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қырғыстаннан шақырылған жігіттерден құралған 316-атқыштар дивизиясы жасақталып, оның командирі болып, генерал М.В.Панфилов тағайындалды. Панфиловшылар Жоғары бас қолбасшының бұйрығымен Мәскеуді қорғау шебіндегі 30 километрлік бөлікке орналасты. Панфиловшылар 50 жау танкісімен болған шайқаста жеңіп шықты. Бұл тарихи шайқасқа қатынасқан 28 жауынгерге КСРО Жоғары Кеңесі Призидиумының қаулысымен Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Мәскеу түбіндегі ұрыстарда қазақ халқының көптеген ұлдары ерлікпен шайқасты.

1942 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстанда армия қатарына 300 мыңдай, ал соғыс кезінде 1 млн 200 мыңнан артық қазақстандық әскери міндеттілер шақырылды. Бұл кезде Қазақстан халқы Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен жаппай жазыла бастады. Соның ішінде біздің Панфилов ауданынан 1941 жылы 15 375 адам аттанды.

Қазақстандық құрамалар Ленинградтты қорғауға, Сталинград түбіндегі, Курск доғасындағы шайқастарға, Днепрден өту мен Украина, Белоруссия, Молдова мен Балтық елдерін, Еуропа халықтарын фашистік езгіден азат ету шайқастарына қатысты.

Соғыс даласынан елімізге аман есен 5710 адам оралған. Олардың ішінде: Азизов Әли Тохтахунович, Афанасьев Александр Григорьевич, Байцур Сергей Иосифович, Беланов Алексей Леонтевич, Заитов Гаит, Красюк Евгений Дмитриевич, Қожахметов Сембек, Наурызбаев Бекмұхамбет, Ауғанбаев Ибрайымжан, Бурабаев Ыдырыс, Данахунов Якуп сынды батыр аталарымыз өмірлерінің соңына дейін ұрпағына батырлық пен Отансүйгіштікті насихаттап, Ұлы Жеңіс жолдарын баяндап, жақын жылдары өмірден өтті. Олардың ішінде көзі тірі Қожахметов Сембек атамыз.

Соғыстың басынан аяғына дейін әскери бөлімдер ретінде шайқасқан 12 қазақстандық дивизияға құрметті атақтар берілді. Олардың бесеуі – бір орденмен, төртеуі – екі орденмен, екеуі үш орденмен марапатталды. 5 дивизия (олардың ішінде Кеңес Одағының Батыры И.В.Панфилов атындағы 8 гвардиялық дивизия да бар) гвардиялық дивизияларға айналды. Әскери ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандықтар ордендер мен медальдармен марапатталды. 497 қазақстандық Кеңестер Одағының Батыры атанды. Бұл атақты 97 қазақ иеленді. Олардың ішінде біздің Панфилов ауданынан өшпес батырлықпен майдан даласында ерлік көрсеткен батыр жерлестерімізді де мақтанышпен еске аламыз.

Көбіков Хамит Қожабергенұлы (1916 – 1975) – 1916 жылы 9 мамырда Панфилов ауданы Сарыбел ауылында дүниеге келген. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, қатардағы жауынгер, зеңбірек командирі. Соғысқа дейін Басқұншы орталау мектебінде мұғалім болды. 1942 жылдан соғыс аяқталғанға дейін майданда болды. Көбіков басқарған зеңбірек жау әскерлерін Сталинград түбінде, Днепр мен Одер жағалауында, Берлин мен Прага көшелерінде талқандады. Киев қаласы түбінде Днепр өзенінен өту үшін қатты ұрыстар жүріп жатты. 23-гвардиялық моторлы атқыштар бригадасы артиллерия дивизионының құрамында шайқасып жүрген Көбіковтің расчетінің алдында Кеңес әскерлерінің өткелден өтуіне бөгет жасап тұрған жаудың атыс орындарын жою міндеті тұрды. Алайда Днепр жағалауына берік бекініп алған жау оңай берілмеді. Кеңес әскерлері дегендеріне жетті. Көбіков қасындағы жауынгерлермен қарапайым сал жасап, оған зеңбірекгі тиеп, өзеннің оң жағалауына өтті. Көбіковтің расчеті осы ұрыста жаудың миномет батареясы мен бірнеше пулемет ұясын жойып, адам жағынан да едәуір шығынға ұшыратты. Одер өзенінен өтер кездегі ұрыста да Көбіков расчеті жаудың 3 танкісін, 30-ға жуық әскері мен офицерлерін жойып, 4 бронды машинасын істен шығарды. Осы ерліктері үшін Көбіковке КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді (10.4.1945). Сондай-ақ ол 2-дәрежелі Отан соғысы және «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен марапатталды. Соғыс аяқталған соң елге оралып, Қазақстан КП ОК жанындағы партия мектебін бітірді. Талдықорған облысы партия комитетінің нұсқаушысы, Қазақ мемлекеттік филармониясы директорының орынбасары, Қазақ КСР Мәдениет қызметкерлерінің республикалық кәсіподақ комитетінің хатшысы және төрағасы, Алматы нан саудасы басқармасының бастығы, «Тянь-Шань»астрономының директоры қызметтерін атқарған.

Хмелев П.В.(1923 -1943 ж.ж) – 1923 жылы Панфилов ауданындағы Қоңырөлең ауылында дүниеге келген. 1943 жылы 15 ақпанда өз қаруының күшімен Бердичевский жолындағы көпірде Житомир қаласына бара жатқан фашистік танктардың жолын бөгеп қалған. Бұл соғыста 4 танк, бронемашина және 2 қарулы машинаны қиратып ерлікпен қаза тапқан. **Хмелев Павел Васильевич** 1943 жылы 13 желтоқсанда қаза тапты. Кеңес Одағының Батыры атағы 1944 жылы 3 маусымда берілді (қайтыс болғаннан кейін).

Лутфуллин Сульхи Хжю (1923 – 1990 ж.ж) – 1923 жылы 5 қаңтарда Алматы қаласында дүниеге келген. Соғысқа дейін Әндіжанда тұрды. 1942 жылы Әндіжаннан әскерге шақырылды. 1943 жылың жазында Тамаровка ауылын қорғаған кезде аға сержант Лутфуллин 76 мм гаубицамен 14 неміс танкілерін жойды. Осы шайқас үшін 1945 жылы 10 сәуірде оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Қаратаев И.В. (1922 – 1944 ж.ж) – 1922 жылы 5 тамызда Панфилов ауданындағы Басғұншы ауылында дүниеге келген. 1941 жылы Панфилов аудандық әскери комиссариатқа шақырылды. Аға лейтенант Қаратаев неміс фашистеріне қарсы күресте өз әскерлімен Литвада Наумистите қаласында ерлік көрсеткен. 1943 жылы 6 қарашада шайқасқа шыққан 14 неміс танкілерінің 4-еуін қиратты. 1944 жылы 17 қазанда ерлікпен қаза тапты. Сол үшін 1945 жылы 24 наурызда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді (қайтыс болғаннан кейін).

Иванов Н.С. (1924 – 1972 ж.ж) – 1924 жылы дүниеге келген. 1941 жылы Панфилов аудандық әскери комиссариатқа шақырылған. Познанов қамалын алған кезде пулеметчик Иванов үш мәрте шайқасқа шығып, қамалды жартылай басып алған. Осы шайқас үшін 1945 жылы 24 наурызда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 1972 жылы 4 ақпанда қайтыс болды.

Поросенков Л.Ф. (1912 – 1976 ж.ж) – 1912 жылы 25 қыркүйекте Вологодский облысындағы Чупровка ауылында дүниеге келген. Фин соғысында белофиндармен соғысқаны үшін Кеңес Одағының Батыры атағы 1940 жылы 8 қарашада берілген. Печер монастырының жанындағы шайқаста командир қаза болғаннан кейін ротаны басқаруды өз қолына алып, 25 – 30 адамымен көмек келгенше қорғаған. 1976 жылы 3 қаңтарда қайтыс болған.

Пащенко А.П. (1913 – 1945 ж.ж) – 1913 жылы Панфилов ауданындағы Лесновка ауылында дүниегеи келген. 1942 жылы Панфилов аудандық әскери комиссариатқа шақырылды. 1944 жылы 1 тамызда лейтенант Пащенко әскерлерімен батыстағы Висла жағасын қорғап, дивизияны арғы бетке өткізді. Осы ерлігі үшін 1945 жылы 24 наурызда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 1945 жылы 19 сәуірде қаза тапты.

Тышқанбаев Қожахмет (1916 – 1943 ж.ж) – 1916 жылы Панфилов ауданы Көктал ауылында дүниеге келген. Қырым үшін шайқаста батылдығын көрсетті. 1943 жылы 6 қарашада өзінің қарулы күштерімен десанттарға кедергі келтірген немістердің көзін жойған. Шайқас кезінде жалғыз қалып, 5 неміс танкілерін қиратқан. Осы шайқаста ерлікпен қаза тапты. Кеңес Одағының Батыры атағы 1944 жылы 16 мамырда (қайтыс болғаннан кейін) берілді.

Осы майданда ерлікпен қаза тапқан бабаларымыздың ерен ерліктері ұрпақ жадында мәңгі қалары сөзсіз. Жас ұрпақ оларды мақтан тұтады. Ел барда ерлер де, ерлік те ұмытылмақ емес.

Жұлдыз АСҚАРБЕККҚЫЗЫ

МЕН БАТЫРДЫҢ ҰРПАҒЫМЫН

Мен 9 мамыр – Жеңіс күнінің қарсаңында оқырман қауымға соғыс ардагері Солтанбек атамның өмір жолы жөнінде баяндағым келеді.

Отан үшін от кешкен,
Өліммен де беттескен,
Омырауын оқ тескен
Менің атам – майдангер.

Біз, бейбіт күннің ұрпағымыз. Биыл жеңіске 75 жыл толып отыр. Сұрапыл соғысқа, қан майданға Елім үшін деп, болашақ ұрпақ үшін деп аттанған біздің аталарымыз бен әкелеріміздің, апаларымыз бен әпкелеріміздің ерлігі арқасында біз еш қиындықсыз өмір сүрудеміз. Сол ерен ерлердің арасында менің де атам болған еді.

9 мамыр Жеңіс күні – біздің отбасымыз үшін тағылымы мол ерекше мейрам. Себебі, менің атам Қоянбеков Солтанбек Ұлы Отан соғысына қатысып, елдің тыныштығы мен Жеңіс үшін күрескен жан. Атам 1900 жылы 17 қыркүйекте Сарыбел ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген. Соғысқа дейін комотрядта әскери қызмет атқарған екен. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанады. Соғыста Бериянның полкында қатардағы жауынгер болды. 1945 жылдың қысында қол, аяғы мен бас сүйегінен жараланып, елге оралады. Ол жеңісті де, кейінгі бейбіт өмірді де көріп, сұрапыл соғыстан кейінгі



күйреген шаруашылықты қалпына келтіруге тер төгіпті. Елге келген соң да қол қусырып отырмай, ауылда бригада басқарушысы болып жұмыс жасайды. Сол жылдары Жаңатоғанда гектарына 25 тонна өнім алып, марапатқа ие болады. Өнегелі шаңырақта 1 ұл, 2 қыз тәрбиелеп, елге сыйлы азаматтар болуына барынша үлесін қосты.

Менің әкем отбасының тұңғышы. Көзі тірісінде 26 немере көрді. Қилы кезеңдерді артқа тастаған атам 1981 жылы 7 қазанда 81 жасқа қараған шағында дүниеден озады.

Атам қайтқанда мен небәрі 7 жаста болдым. Жеңіс тойына омырау толы медалін тағынып жиындарға қатысып, жас жеткіншектерге өз батасын беруші еді. Ол кісінің келбеті еміс-еміс есімде қалды. Өрелі мінезді, нар тұлғалы сымбатты жан болатын. Айналасындағы жандар ол кісінің қас-қабағын аңдитын да жүретін. Себебі, ол кісінің көңілін табу қиын болған. Десекте жүрегі кең, өте мейірімді жан болатын. Басынан небір қиындықтарды кешірген ол өле-өлгенше қарапайымдылық пен салмақтылықты серік етті. Атам кейінгі ұрпақтарына үлгі болатындай көп іс қалдырды. Мен атамның тегінде жүргенімді мақтан тұтамын және ол туралы естелікті мәңгі қадірлеп есте сақтаймын. Бүгінде атамның есімі Сарыбел ауылындағы ардагерлерге арнап қойылған ескерткіш тақтада жазылып тұр. Атам жайлы осылай сыр шерткенім перзенттік борышым деп білемін. Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерлік дәстүрін ұлықтау бүгінгі ұрпақтың асыл парызы деп санаймын. Өйткені мен Отан үшін отқа түскен майдангердің немересімін.

Менің өмірдегі мақсатым – Отанды қорғай білетін азаматтарды тәрбиелеп өсіру. Ол мақсаттым да орындалды деп айта алам. Өйткені қазіргі таңда екі ұлым әскери қызметкер. Ал майдангер аталар мен әскери қызметкерлер туған жердің де, халықтың да қорғаушысы. Сондықтан да Отанды қорғау әрбір ер-азаматтың қасиетті борышы болып саналады. Аға ұрпақтың сол сұрапыл сындарлы төзімділігі мен табандылығы, қайраты мен қаһармандығы болмаса, бүгінгі жарқын болашаққа батыл қадам жасаған Тәуелсіз Қазақстан да болмас еді. Қазір біз болашағы жарқын, бағыты айқын елде өмір сүріп жатырмыз. Біз бүгін осының бәрін ой елегінен өткізе отырып, Ұлы Жеңісті жақындатқан ардагерлер алдында мәңгілік басымызды иеміз.

Дария СУЛТАНБЕКТЕГІ,
немересі.

(Басы 1-бетте)



АЛДЫМЕН «ҚАРА ҚАҒАЗ» КЕЛІП, АРТЫНАН ӨЗІ АМАН ОРАЛҒАН АРДАГЕР

мен «Ерлігі үшін» медалін тағып оралған. Одан кейін Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 20, 30, 50 жылдықтарына арналған, сондай-ақ, КСРО Қарулы Күштерінің 50, 60 жылдық мерейтойларына орай шығарылған мерекелік медальдармен наградталған.

Қан майданда қаһармандығымен көзге түскен атамыз бейбіт еңбекте де белсенділігімен танылды. Ұзақ жылдар бойы екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Н.Н.Головацкий басқаратын атақты «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозында жемісті еңбек етіп, ауыл шаруашылығы саласында ел байлығын еселеп арттыруға зор үлес қосты. Осы еселі еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденін алып, «Еңбек ардагері», тағы басқа да бірнеше медальмен марапатталды. «Еңбегі сіңген колхозшы» атағын алды. Құрмет грамоталары мен заттай сый-сияпаттары да жетерлік. Сөйтіп, соғыстағы ерлігімен, бейбіт өмірдегі еңбегімен ел құрметіне бөленген қадірменді қария 1982 жылы дүниеден өтті.

Ауданымыздың ардақты азаматтарының бірі болған Тұрғанбек Жылгелдіұлы Диханбаев кезінде «Көшербай - тұлғасы айбынды, парасатпайымды, сөзге сарынды, ұзын қара сақалды, өз заманының озық ойлы адамдарының бірі болған екен. Ол кісіден Нұрахмет, Қалиша деген ұл мен қыз қалыпты» дей келе:

Баласы Көшербайдың Нұрахмет,
Иі жұмсақ, мінезі жуас кісі ед.
Бір адамның көңілін қалдырмаған,
Жұмысқа да ынталы, тұрақты ед.

Соғыста Отан қорғап арпалысты,
Туған ел мен жер үшін жан таласты.
Қас дұшпанмен шайқаста жеңіп шығып,
Қазақтың абыройын асқақтатты.

Соғыста сан соқпақты жерде болды,
Қар жастанып, мұз төсеп, құзға қонды.
Сонда-дағы міндетсіп, кеуде қағып,
Тұтпапты ешқашанда ондай жолды.

Өсіріп, балаларын адам етті.
Ел қатарлы бәрі де аман өсті.
Өмірлік жан жолдасы Жұмаш тәтем,
Сүйеу болып өмірден қатар өтті, - өлең құрапты.

Нұрахмет атамыздың жары - Жұмаш апа Суанның Ақша руындағы Ақын деген кісінің қызы екен. Толарсақтан қан кешіп, соғыста жүрген қосағын табандылықпен тосқан ол кісі де тылда қажырлылықпен еңбек еткен. Күйеуінен біресе «қара қағаз» келіп, қайғыға батқан, біресе үзілген үміт оты жылтырай жанып, сенер-сенбес сергелдең күйге түскен, оған қоса ері майданға кеткенде құшағында қалған перзенті шетінеп, жан жүрегіне зілмауыр салмақ түссе де мойымаған. Бір өзі колхоздың бір қора қойын жалғыз бағып, «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен ортақ мақсат жолында жан аямай ашы терін төккен. Соғыс біткен соң да өзі өскен шаруашылықтың сансалалы жұмысын табысты жүргізуге көп еңбек сіңіріп, «Еңбек ардагері» медалімен наградталған ардақты ана 1996 жылы көз жұмған.

Осылайша өмірдің талай-талай «тар жол, тайғақ кешуінен» абыроймен өткен Нұрахмет ата мен Жұмаш апаның өздері бұл күнде бақилық болса да бес ұл, екі қызы мен олардан тараған ұрпақтары атақ-даңқтарына дақ түсірген емес. Үлкен ұлы Ибадат – Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, Сарыбел, Сүптай ауылдарында агроном, «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозында бригадир, кәсіподақ комитетінің төрағасы, Ленин атындағы совхозда партия ұйымының хатшысы, Жаркент қалалық округінде бас маман, тағы басқа да лауазымды қызметтер атқарып, аудандық мәслихаттың депутаты болған. Бүкілодақтық Халық Шаруашылығы Жетістіктері көрмесінің Алтын медалімен, «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет белгісі» ордендерімен, сондай-ақ бірнеше медальмен, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен наградталған. «Панфилов ауданнының Құрметті азаматы» атанған. Екінші ұлы Ержеңіс ұзақ жылдар бойы жеке шаруа қожалығының жұмысын іскерлікпен жүргізіп келеді. Үшінші ұлы Ербол Семей медициналық институтын бітіріп, аудандық ауруханада ұзақ жылдар барысында хирург, травматолог болып жемісті қызмет етіп, жүздеген емделушілердің ыстық ілтипатына бөленді. Соңғы жылдары Нұр-Сұлтан каласында қызмет етуде. Төртінші ұлы Ербосын Алматыдағы политехникалық институтты ойдағыдай тәмамдап, «Отябрьдің 40 жылдығы» колхозында инженер болып жұмыс істеді. Одан кейін өмірінің соңына дейін жеке кәсіппен шұғылданды. Ең кіші ұлы Кенжебек – «КАМАЗ» жүргізушісі болып, табыстың тайқазанын тасытып жүр. Қыздары Нұрбала мен Жәмила да өмірден өз орындарын тапқан. Осы ұлдары мен қыздарынан тараған немере-шөберелері де өнегелі болып өсіп келеді. Ересектері егемен еліміздің түкпір-түкпірінде, тіпті шет елдерде халық шаруашылығының сан алуан саласында табысты қызмет етіп жүр. Атап айтқанда, Жеңіс – агроном, Қайрат, Талғат, Жалғас, Алмат, Қанат, Ақбаян – жеке кәсіпкер, Камила, Гүлназ, Эльвира, Ақбөпе – медицина қызметкері, Гүлмира, Әйгерім, Жадыра, Жанар, Күләш, Шынар, Рита – мұғалім, Ильмира – банк қызметкері. Толқын – Панфилов аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, Дархан – дипломат, Алмас – №74261 әскери бөлімінің өртке қарсы қорғаныс және пәтер-пайдалануды қамтамасыз ету қызметінің бастығы, Самат – кеденші, Әсел – «НацЭкс филиалы Пробирная палата» АҚ-ның бас маманы, Назерке – менеджер, Ерзат – «Кедентранссервис» АҚ-ның жүк қабылдаушысы, Тұрар – әлеуметтік қызметкер, Қайсар – жеке шаруа қожалық басшысы, Жансая – үй шаруасында, Нұрай – мектеп оқушысы... Астамшылығынан сақтасын, атай берсек тізім осылай жалғаса береді. Еріксіз ерекше ой санаңды осып өтеді осындайда: жүзін құбылаға қаратып, атамызды қабірге қойғалы жатқан кезінде Құдай қағып, аман қалғаны қандай таңғажайып оқиға?! Осының бәрі өзінің көрер күні, татар дәмі таусылмағанына, осыншама үрім-бұтағының өніп-өрбіп, «Қазақ» атты қабырғалы халықтың қатары өсе түсуіне өзек тартқан-ау, сірә!

Егемен елімізде еркін тыныстап, бейбіт өмірдің бейіл-берекесін сақтауға лайықты үлес қосып жүрген ұрпақтары бүгінде ардагер атасы Нұрахмет пен аяулы апасы Жұмаштың рухтарына әрқашан құран бағыштап, есімдерін ерекше мақтанышпен еске алып тұрады.

Нұр ӘДІЛ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Сөйтсе, Курск қаласы маңындағы кескілескен соғыс кезінде Кеңес әскерлері «өліспей беріспейміз» деп жанқиярлықпен шайқасып, негізгі күш жеткенше өз позицияларын қорғап тұрған екен. Кейінірек келген жауынгерлер қанды қасапқа түскен қаруластарын шетінен бауырластар зиратына жерлеуге кіріседі. Кенет, олардың денелерін жер қойнына беру үшін қабірге түсіре бастағанда біреуі кездейсоқ қазақ сарбазының болар-болмас қана демі бар екенін байқап қалады. Дереу селодағы госпитальға апарады. Содан ұзақ уақыт емделіп шыққан батыр атамыз қайтадан сапқа тұрып, қас дұшпаннан кек қайтару үшін қолына қаруын қайта алады.

Сөйтіп, одан кейін де талай шайқастарға қатысып, маршал Коневтің басқаруындағы әскер құрамында Курск, Орел, Калыч қалалаларын жаудан азат етуге қатысқан. Ұлы Жеңісті Берлин қаласында қарсы алып, 1945 жылдың күзінде туған елге аман-сау келген. Сұрапыл соғыстағы ерен ерлігі үшін омырауына «Қызыл жұлдыз» ордені

«ТЕМІР ГЕНЕРАЛ»

Күркіреп өткен соғыстың аяқталғанына биыл 72 жыл *(мақала 2017 жылы жазылған)* толғалы отыр. Келмеске кеткен Кеңес Одағы кезінде бұл майданда қазақ сарбаздарының қайталанбас ерлік көрсеткені тарих беттерінен мәлім. Кеңес Одағының батыры деген өшпес есімге лайық қазақ батырлары туралы әңгіме көп. Бірақ соның бірі әрі бірегейі Сабыр Рақымов туралы аз айтылады.

Фашистермен болған соғыста қол бастаған батырдың қазақ топырағында туғаны кеудемізге мақтаныш ұялатады. Әрі-беріден соң Орта Азия елдері арасында тұңғыш генерал-майор атанған батыр Сабыр Рақымов екенін бұл күнде екінің бірі біле бермейді.

Сабыр Омарұлы 1902 жылы 25 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт ауданы, Көкібел ауылында дүниеге келген. 1909 жылы әкесі қайтыс болған соң отбасымен бірге Ташкент қаласы маңындағы нағашысы Рақым тұратын Тақтапул аулына қоныс аударған. Ерінен жас қалған Сабырдың анасы Бахарайым өзбек қызы болатын.

Жиырмаға толғанда әскер қатарына өзі сұранып, Баку қаласындағы әскери училищеге түседі. Оны үздік бітірген соң Самарқан қаласындағы атты әскер дивизиясы полкінің взвод командирі болып тағайындалады. Көп ұзамай іскер командир ретінде көріне білген Сабырды эскадрон командирлігіне өсіреді.

1925-1927 жылдары ол Тәжікстан және Түрікменстанда әскери іс-қимылдарға қатысады. 1936 жылы «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады. 1937 жылы байдың тұқымы деген желеумен түрмеге түсіп, 9 ай қамауда отырғаннан кейін босатылады. Одан соң Өзбекстанда ерекше химиялық авиациялық ұйымдар кеңесінің ең жауапты бөлімі – жауынгерлік дайындық бөлімін басқарды.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталған алғашқы күндерде-ақ ол өзінің қызмет еткен бөлімімен майор шенінде соғысқа аттанады. Сұрапыл соғыс жылдарында ұрысты сауатты ұйымдастыра білгені үшін «Қызыл Ту», «Қызыл жұлдыз», Суворов және Кутузов, «Кавказды қорғағаны үшін» ордендерімен және медальдармен марапатталады.

1943 жылдың наурыз айында Сабыр Рақымовқа жоғары әскери дәреже генерал-майор атағы берілді. Өкінішке қарай, генерал Рақымов Жеңіс күнін көре алмай кетті. 1945 жылы 26 наурыз күні Польшаның Данциг қаласы үшін шабуыл кезінде қаза табады.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысымен 1965 жылдың 6 мамырында генерал-майор Сабыр Омарұлы Рақымовқа Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді. Сонымен бірге Ұлы Жеңіске үлкен үлес қосқан генерал Сабыр Рақымов туралы Өзбекстанда «Генерал Рақымов» атты көркем фильм түсірілді.

Кезінде Өзбекстанда С.Рақымовтың есімімен аталған көп нысандар болған. Кейіннен, 2000 жылдары С.Рақымов өзбек пен қазаққа бірдей ортақ толағай тұлғаның есімімен аталған ғимараттар мен нысандарға басқа есімдер мен атаулар беріп өзгертіліп жіберілгені, әрине, өкінішті-ақ.

Қазіргі таңда Сабыр Рақымов әрбір қазақтың мақтан тұтар батыры болғандықтан, оның аты Қазақстанда бірқатар нысандарға берілген. Айталық, Шымкент қаласында Сабыр Рақымов атындағы республикалық әскери мектеп-интернат бар. Сондай-ақ, осы қалада даңқты қолбасшының құрметіне 2012 жылы «Жеңіс» саябағының алдына ескерткіш орнатылды.

Ал 2013 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Ауған соғысы ардагерлерінің бастамашылығымен «Кеңес Одағының Батыры – Сабыр Рақымов» атты медаль белгіленді. Алматы қаласында «Құлагер» шағын ауданындағы көше батыр, генерал Сабыр Рақымовтың есімімен аталады.

Енді генералдың сойына келер болсақ, 7 жасында әкесінен айырылған бала Сабыр анасы (1917 жылы қайтыс болған) және қарындасы (1915 жылы қайтыс болған) үшеуі нағашы ағасының қолына келгенін жоғарыда айтқанбыз. Сол жерде мектепке кіріп оқу керек болғандықтан Сабыр Рақымов (нағашысының атымен) деген тек алып, Тақтапул елді мекенінің (Әйгілі Төле бидің мәңгі мекені Шайхантәуір аймағы) мектебіне оқуға барады. Бұл қадам кейін Сабырдың қызыл империяның қуғын-сүргінінен аман қалуына көмектеседі. Өйткені оның өз атасы, яғни Омарқұлдың әкесі Мәмбетқұл кезінде датқа, бір ауылды басқарып тұрған ақсүйек болған. Осыған байланысты домалақ арыздардың кесірінен («ол – қазақ, атасы бай болған» – деген секілді) әскери қызметте жүрген, Сабыр Рақымов тоғыз ай бойы қамауда болады. Ақыры ақталып шығып, қайтадан әскер қатарына алынады.

Шындық сол кезде ашылғанда Сабыр, бәлкім, атылып та кетер ме еді? Аман алып қалған да құдайдың қаққаны, дәл осы нағашысының атына жазылғандығының арқасы шығар дейміз.

Сабыр Рақымов Бауыржан Момышұлы атамызбен жақын дос болған екен. Баукең оған әрдайым ізгі ілтипатын көрсетіп, ерекше құрметтепті. Батыр ұлымыз 1943 жылы Мәскеудегі академияның тыңдаушысы болып жүргенде олар жиі кездесіп, оқуын аяқтаған соң Бауыржан атамыз Құралай апамыз бен Сабырды Алматыға ертіп келіп арнайы қонақ еткен. Иә, бұл генералдың туған жердің ауасымен тыныстауға мүмкіндік алған ең соңғы сапары еді. Дара генерал соны сезгендей, пойызбен кетіп бара жатқанда Бауыржанға да, Мәлік Ғабдуллинге де қайта-қайта елжіреп қарай береді. Олардан Қазақстандағы өмір туралы сұрап, халықтың тұрмыстіршілігі қалай болып жатқандығына қатты қызығыпты.

Халық ауыз әдебиетімен сусындап өскен қос қаламгер Бауыржан мен Мәлік те қарулас дос, тіпті, ағасындай болып кеткен Сабырға өздері білетін барлық мән-жайды жарыса айтып отырды. Бала күнінен батырлар жыры мен ертегілерге қатты әуестенген Сабыр олардың сөздерін ынта-шынтасымен тыңдаудан жалықпайды. Бауыржан мен Мәлік тереңінен толғап атам замандардағы жыраулар туралы айтқанда, генерал тіптен ойға шомып кетеді.

Алматыда тәртеуін сол кездегі Қазақстан Компартиясы ОК хатшысы Ж.Шаяхметов қарсы алып құрметтейді. Құралай апамыздың әкесі, әйгілі революционер Әліби Жангелдиннің үйіне барады. Сонда бір күн қонып, Сабыр мен Құралай ертесіне Қазығұрттағы Көкібел аулына тартып кетеді. Шымкентке келіп, Қазығұрттың баурайымен жүрген бұлар Көкібелге де жақындай түседі. Пай, шіркін, туған жер десейші. Жақындаған сайын Сабырдың тынысы жиілеп, жүрегі лүпілдейді.

Қазығұрт пен Өгем тауын бөліп тұрған осынау бір асу қысы-жазы жаңбыр мен қар суынан нәр алып, мәңгі жап-жасыл жайқалып тұрады. «Тоғызқұмалақ жотасында» өзі қатарлы ауыл балаларымен бірге талай рет алысып ойнаған еді-ау!.. Ал анау бір қыраттардан кейін «Сүлікті сай» созылады. «Бәйдібек жайлауы» аталған бұл жерді «Еншіалысқан» дейді.

«Домалақ ана Албан, Суан, Дулат үшеуіне енші беріп, бөлек шығарған еді» деп атасы Мәмбетқұл датқа үнемі айтып отыратын. Көкібел асуынан Ташкент те, Шымкент те көрініп тұрады. Әне-міне дегенше Көкібелге келіп жеткен генералдың аяғын жерге тигізбей күтіп алған көкібелдіктер ұлан-асыр той жасады.

Амансың ба, Көкібелім,
Өзіңді аңсап жетті ерің.
Генерал боп келіп тұрмын,
Бала болып кетіп едім.
Сол кеткенде, Көкібелім,
Өрт боп жанды көкірегім.
Құшағыңа қорған болып,
Оралам деп бекіп едім.
Пай-пай, менің Көкібелім,
Саф ауаның есіл емін.
Өгем менен Қазығұртты
Жалғайтұғын көпір едің.
Жасыл кілем шөбің шалғын,
Бұлақтарда суың балғын.
Ұлыңмын деп мақтан еттім,

Қасиетті ұлы таудың, – деп туған жерінде Сабыр аға толғанып тебіренген. Ертесіне Сабыр мен Құралай ел-жұртпен қош айтысып, Ташкентке тартады. Сол жақтан қайтадан майданға аттанады. Бұл Сабыр Рақымовтың туған еліне келген соңғы сапары еді.

1945 жылы С. Рақымов 37-ші гвардиялық атқыштар (десанттар) дивизиясының даңқты қолбасшысы болып жүргенде Оңтүстік өңірден концерт қоюға әншілер барады. Солардың арасында Роза Бағланова апамыз да бар екен. Келген бойда әнші қыз оларды жылы қарсы алған ұзын бойлы, ірі денелі, келбетті, жасы қырықты алқымдап қалған қолбасшының батырлық сымбатына тәнті болады. Розаның қазақ екендігінен хабардар генерал онымен туған қарындасындай қауышып қазақ тілінде сөйлеседі. «Жауынгерлерді рухтандырып, еңсесін тіктеуге келген өнер тобы көңілді жұмыс жасадық. Біздер жаудың жауып тұрған оғына да қарамастан, сарбаздардың көңілі үшін небір әсем әндерді орындадық. Күніне үш реттен концерт қойсақ та шаршауды білген жоқпыз. Себебі, әйгілі Сабыр Рақымовтың дивизиясында ән айту үлкен бақыт еді. Оның қол астында нағыз ерлер ғана болатын. Генералдың өнерге жаны жақын адам екендігі оның әрбір салған әнімізді бар ынтасымен тыңдағанынан көрініп тұратын. Өте көңілді жүрді. Тіпті, бір рет ән салуға мені танктің үстіне шығарып қойғаны да есімде. Сонда тұрып әндерді бар көңіліммен айтып едім», деп, батыр өмірінің соңғы күндерін Роза апамыз осылайша әңгімелеп еске алған.

И.В. Сталиннің өзі «Темір генерал» атап, батырлығы мен батылдығына, қайтпас қайсарлығы мен бірбеткей, тік мінезділігіне қайран қалған батыр Сабыр мен Құралай апамыздың артында бір ұл, бір қыз қалған.

Қызы Дариға (Дарико) Рақымова генерал-полковник Павел Иванович Батовтың ұлына тұрмысқа шыққан. Мәскеуде тұрады екен. Ұлы Рахметолла (Роман) Ташкентте тұрады, кезінде «Өзбекфильмнің» директоры болып қызмет атқарыпты. Құралай апамыз Алматы қаласында тұрып, сонда көз жұмыпты. Кезінде батыр ағамыздың ерліктері туралы біршама кітаптар шыққан. Енді Отанымыздың жүрегі Астана қаласынан бір көше батыр ағамыздың атымен аталып, ескерткіші тұрса, мектептерге аты беріліп жатса, жас жеткіншектерді әскери-патриоттық рухта тәрбиелеуге ықпал шарапаты керемет болар еді-ау дейміз.

Жүрсінәлі МЫРЗАХМЕТ,
ШЫМКЕНТ.
«Егемен Қазақстан».

Ғалым ТҰРҒАМБАЕВ, *мемлекет және қоғам қайраткері:*

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА АҚИҚАТ ӘДІЛЕТСІЗДІКТІҢ ҚҰРБАНЫ БОЛЫП ТҰР

1938 жылдың 6 ақпанында ауданымыздың Талды ауылында (Лесновка) дүниеге келіп, өзінің зеректігімен, алғырлығымен, әділдігімен және өжеттілігімен бүкіл Жетісу, қала берді республикаға танымал болған Жаркент өңірі тұлғаларының бірегейі, еңбек майталманы Тұрғамбаев Ғалым ағамыздың өмірі жас ұрпаққа қашанда өнеге екендігі даусыз.
Елінің, жерінің өркендеуі үшін бар күш-жігерін аямай, басшылық қызметте ар жолынан аттамаған Ғалым Тұрғамбаев «Еңбек Қызыл Ту», «Даңқ», «Октябрь Революциясы» ордендері мен «Ерен еңбегі үшін медалінің» иегері, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты (1990 – 1994 ж.ж.), Алматы облысының, Панфилов, Ақсу, Кербұлақ аудандарының «Құрметті азаматы», «Республикамыздың Құрметті Еңбек ардагері» атанған ардақты жан.

– Ғалым аға, сіздің Жаркент өңірінің тумасы екеніңізді алдыңғы толқын ағалар жақсы біледі, кейінгі ұрпақ үшін аздаған таныстықпен қатар, еңбек жолыңыздың қашан, қалай басталғаны жайлы айтып өтсеңіз...

– Мен ғой бала күнімнен-ақ жетімдікті, қиындықты көп көрдім және де есейе келе Жаркенттегі №1 жетімханада жатып оқып, білім алдым. Директоры Айтахунов Мамыт деген кісі болатын. 10-шы сыныпты бітіріп, барар жер жоқ біраз жүріп қалдым. Содан, таудағы Орман шаруашылығы Лесновканың бас жағындағы Шыңбұлақта қарағай кесіп жатыр дегенді естіп, ақша табу үшін жұмыс сұрап сонда бардым. Орналасып, жұмыс істегеніме бір жарым ай болып қалған, бір күні аяғыма қарағай құлап, ауруханаға түстім. Ол кезде өңірімізге танымал Табынбаев Сыдық деген керемет дәрігер ағамыз болған еді, кейіндері сол кісінің қарауында ауруыма шипа алып, көп емделдім. Алғаш барғанымда ол кісі болмай Христенко деген дәрігер аяғымның сынған жерін дұрыс салмай, көп азаптандым. Жаным қиналса да 3-4 рет сындырып, қайта салғыздым. Еш қайран болмай, қайта-қайта ауырып болмаған соң Ұлы Отан соғысында хирург болған орыс әйелге (есімін ұмытып қалдым) 1957 жылы ота жасаттым. Ол дәрігерім отажасау барысында бұрынғы сүйектің өсіп жеткен жерін теріден сыртқа шығарып қойып арамен кестіріп, қайта кіріктіріп, шуруппен төрт жерден бекітіп берді. Ота ауыр өтсе де, нәтижесі жаман болмады.

Аяғым оңалып, балдақпен жүрдім, бара-бара жақсы болып қалған соң сол 1958-60 жылдары ауылдық кеңеске хатшы болып жұмысқа тұрдым. Жұмысым жемісті болып, соңғы үшінші жылы төрағасы болып сайландым. Сол кездегі ауылдық кеңесіміз қазіргі ЦОН-ның жұмысын бір өзі-ақ атқаратын. Ол заманда бір жерде үш жылдан артық істеуге болмайды, сөйтіп Жамбыл колхозы партия ұйымының хатшысына көтерілдім. Колхоз төрағасы Әлімғожа Сәдуақасов ағамыз еді. Партия жұмысында жүріп білім жетілдіру мақсатымен 1964 жылы Алматыдағы Мал дәрігерлік институтына сырттай оқуға түстім. Жылдар өтіп жатты, сонау өткен 1967 жылдың бір күндерінде ауданның бірінші хатшысы Ш.Сәпиев ағамыз шақырып алып: «Біраз жыл болды Жамбыл колхозында партия хатшысы болып істеп жүрсің, бірақ жоғары білімің жоқ. Бұлай болмайды. Міне, мінсіз қызметің үшін ауданға Алматы Жоғары партия мектебінен келген жалғыз жолдаманы саған ұсынып отырмыз, оқып біліміңді көтеріп кел», – деп бағыт беріп, жол көрсетті. Құжаттарды жинадым. Институтқа барып аттестатымды сұрасам: «Бір мезгілде екі жоғарғы оқу орнында оқуға болмайды, онда бізден оқудан шығасың», – деді. Енді не істеймін? Оқуды тастауға болмайды, біраз ойланып кері қайттым. «Жарайды, тұра берсін-ді» айтып ауылға бардым да «аттестатымды жоғалтып алып едім, маған көшірмесін берсеңіз» деп, оны алған соң басқа да керекті құжаттарды қосып өткізіп, Жоғары партия мектебіне қабылдандым. Жалпы тыңдаушылар саны 700-дей адам, оның ішінен 7 адамды мектептің парткомы етіп сайлады, мен де сол жеті адамның бірі болып мүшелікке ендім.

Сөйтіп, түске дейін партия мектебінде, түстен кейін Зоовет институтта емтихан тапсырып жүріп, екеуі де Алматының Абай көшесінде қатар орналасқан ғой, 1971 жылы Жоғары партия мектебін, ал, 1974 жылы Алматы мал дәрігерлік институтын, яғни, екі жоғары оқу орнын бітіріп, қолында дипломы бар жоғары білімді, білікті маман болып елге оралдым.

Келгеннен соң, іле-шала аудан басшысы Ш.Сәпиев ағамыз қабылдауына шақырды: «Сені Н.Н.Головацкий сыртыңнан жақсы біліп алыпты, өзіне шақырып жатыр, қалауың білсін, егер ұнамаса көрші Киров колхозында да бір орын бос тұр», – деді. Мен, «Киров колхозына барайын, басшысы Ы.Қожахметов бұрыннан таныс» дегенді айтып сонда жұмысқа орналастым. Жаман емес, 11 ай істедім, одан шұғыл шақыртып алып, Басши совхозында директор жоқ екен, соған төраға болып сайландым. Ол жерде тура бір жыл істегенім сол еді, 1973 жылдың маусым айында «Панфиловқа облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Ә.Алыбаев келіпті. Сені шақыртып жатыр!» деген шұғыл хабар алдым. Жеделдетіп жеткен мені Ж.С.Жақсыгелдиев дейтін бөлім бастығы бар еді, сол кісі Обкомның алдына алып кірді. Обкомның біріншісі хатшысы қабылдады, қатал адам екен, бойымды тез жиып алдым. Содан: «Иә, Ғалым Тұрғамбаевич, бір жыл болды директорлық жұмысты жақсы істеп жатырсың, нәтижесі көңіл қуантарлық, бірден көрініп-ақ тұр. Енді, Панфилов ауданын басқаруға қалайсың?» деп сөзін аяқтады. Бұған дейін ауданды 11 жыл басқарып келген Ш.Сәпиев ағамыздың бірнеше ай бұрын облысқа қызметін жоғарылатып, ауысқандығынан хабардар болатынмын. Демек, таңдау маған түскен болды ғой, алғашқыда не деп жауап берерімді білмедім. Жағдайымды бірден түсінген обком «Ойланып, түстен кейін қайта кел» деді. Тағы бір тоқталып өтер жағдай, маған дейінгі 47 жыл ішінде ауданға 17 хатшы басшылық жасапты, бәрі де сырттан келген адамдар екен. Ауданның бірінші хатшысы облысқа ауысқан соң үш ай орны бос тұрды. Неге бұлай ұзаққа созды десем, Д.А.Қонаев өзінің орынбасарларына арнайы тапсырма беріпті: «Бұл ірі аудан, қайтсе де сол жерден жергілікті бір талапты жас маманды табыңдар» деген ғой. Түстен кейінгі қабылдау соңында: «Жарайды, өзіңіз керек кезінде көмек жасасаңыз мен болайын» деп келісімімді бердім. Сөз соңында, «Енді бір аптаның ар жақ, бер жағында сені ЦК-ға (Орталық комитет) шақырады, дайын бол» деді.

Не керек, көп ұзамай республика басшысы Д.А.Қонаевтың қабылдауынан бірақ шықтым. Димаш Ахметұлы бірден ашық әңгімеге көшіп, «Сізді сырттай жақсы білеміз, жұмыстағы ұйымдастырушылық қабілетіңіз бен жетістіктеріңіз де жақсы, әкеңіз туралы да хабардармыз (себебі, әкем Қытайдан келген ғой, есімі Ахметжан), елдің де пікірі жаман емес» деп қолдау көрсетті. Мен өз кезегімде, «Димаш Ахметович, біраз колхоз басшыларының қоластында қызмет жасап едім, сол кісілер менсінбей жүре ма?» деген уәжіме, «Уайымдама, мен ескертіп қоямын, ешкім ешқандай кедергі келтірмейді» деп кесіп айтты.

Содан екі күннен соң ауданда пленум болып, колхоз, совхоз т.б. басшылары бәрі жиналды. Пленум басталды, облыстық партия комитетінің басшысы Әріпбай Алыбаев келіп өзі қатысып отырды. Жиылыс соңында сөз алған Обком: «Өздеріңіз білесіздер, бұл облыс аймағындағы ірі аудан, үш ай болды басшы жоқ. Енді бұдан әрі созуға болмайды, сіздердің айтар ұсыныстарыңыз бен пікірлеріңіз қалай, ортаға салыңыздар, кімді ұсынасыздар?» деген сауалына ешкім жауап қатпады. «Сіздерде жоқ болса бізде бар» деп сөзін жалғаған обком хатшысы, «ол адам – өзіміздің Басши совхозының директоры Ғалым Тұрғамбаев» дегенде барлығы «ах» деп қалды. Дауысқа салды, барлығы қол көтеріп қолдап, бірауыздан мені ауданның бірінші хатшылығына сайлады.

Сол 1973 – 1976 жылдары өзіміздің ауданды басқарып тұрғанда қазіргі аудандық әкімшілік (1974 ж) және мәдениет үйін салғыздым. Жаркент мешітіне күрделі жөндеу жұмысын жүргізіп, 1975 жылы қаланың батыс жағындағы көк тіреп тұрған телеқондырғыны қойдырттым. Себебі, ол кезде шығыстағы көрші Қытай елімен арақатынасымыз онша жақсы емес-тін. Олар шекараға жақын жерге үлкен телеқондырғы тұрғызып жатқанынан хабардар болған соң, жоғарыға «Біздің аудан көп ұлтты, Қытай жақ өздерінің телеқондырғысы арқылы неше түрлі хабар таратуды бастаса, идеология жағынан бізге кері ықпалын тигізеді» деп айтқан ұсынысым дереу қолдау тауып, қаражат бөлініп, тез арада көк тіреген телеқондырғы да тұрғызылды.

Сондай-ақ, Димаш Ахметович өзі келіп аралап, нелерің бар дегенде астық қоймасына айналған Жаркент мешітін көрсетіп, араб – қытай сәулет өнерінің бірегей туындысының салыну тарихынан хабардар етіп, бір тал шегесіз салынған, Қазақстан аумағындағы бірден-бір өнер ескерткіші екендігінен біраз ақпарат беріп едім, ол кісі үлкен қызығушылық танытып, таң қалды. Осындай бірегей өнер туындысының мүшкіл хәлін көрген Республиканың бірінші хатшысы дереу шешім қабылдады. Сол жылы-ақ Д.Қонаевтың көмегімен республикадан 1 миллионға жуық қаражат бөлініп, күрделі жөндеу жүргізілді (1976 ж). Міне, «Коммунистер дінге қарсы болды» деп жүргендерге айтарым, Димаш Ахметұлының шапағатымен мен де ел алдындағы перзенттік парызымды адал атқарып, Кеңес үкіметі кезінде дінге, тарихқа үлкен көңіл бөліп, қамқорлық жасап, көп еңбек сіңірдік. Бірнеше жыл бұрын кездейсоқ жолыққан аталмыш музейді көп жылдар басқарған Шәріпқан қажыдан сол кезде бюро отырысында қарап, шығарған шешіміміздің хаттамалары архивте әлі күнге сақтаулы екендігін естідім.

– Ғалым аға, басшылық қызметте көп жылдар еңбек етіп, ұйымдастырушылық, іскерлік қабілетіңіздің жоғарылығын сан мәрте дәлелдедіңіз. Ол кезде Панфилов ауданының экономикалық әлеуеті қандай еді?

– Әрине, бұл өңір көп жылдардан бері жүгері шаруашылығымен айналысып келетіндігі баршаңызға аян. Себебі, Кеңес одағы кезінде бұл сала алдыңғы қатарлы шаруашылық болатын. Мені осында, яғни Панфилов ауданына бірінші хатшылыққа тағайындаудан бұрын арнайы шақырылып, Республиканың бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың қабылдауында болғанда, «Панфилов ауданы республикадағы ең ірі жүгері дақылын өсіретін ауданның бірі. Мәселен, Солтүстік Қазақстанға жүгері сүрлемін жібереміз, соның арқасында олар да ет, сүт өнімдері жоспарын артығымен орындап жатыр. Егер жүгері егу көлемі азайса, онда солтүстік аймақтың экономикалық – әлеуметтік жағдайы өте қиын болады, алдымен соны ескеруің керек. Сол үшін алдағы жылдары әр гектардан алынатын өнімді арттыру қажет» деп ескерткен еді.

Тағайындаудан кейін бірден іске кірістім, қанша дамыды десе де техника жетіспейді, басқа да көптеген проблемалар қордаланып қалған екен. Басшылардың барлығымен және жеке жұмыс жасай отырып біршама ұйымдастыру жұмыстарын жолға қоюдан бастадым. Сол кездегі колхоз басшылары Н.Н.Головацкий, И.Белалов, Ы.Қожахметов, Н.Сауранбаев, Ә.Сәдуақасов секілді ірі басшы, іскер азаматтар да қолдау білдірді. Бір айта кететін жағдай, осынау ұжым басқармаларының бәрінің де жоғары тұрмақ, орта білімдері де болмады. Жұмыс басында аяққа керзі етікті киіп, кетпен ұстап дегендей. Бұл кісілердің бәрі де өмір мектебінде шыңдалған өрелі жандар еді. Бұлардың еңбегінің жетістігі аймаққа танылып, Алматыдан ғалымдар келіп көріп, үйреніп, әлгіні ғылыми жағынан зерттеп жетілдірді. Жалпы ол жылдары бізде екі аудан болған: Панфилов және Октябрь болып аталатын. Октябрь ауданының орталығы Көктал болды, кейін 1956 жылы екеуі бірігіп бір ауданға айналды.

Жүгеріден кейінгі кезекте мал шаруашылығы, оның ішінде қой шамамен 1 млн. бас болды. Жүгері өсіру арқылы мал шаруашылығы да жақсы дамыды. Солтүстікке өткізген жүгері сүрлемінің 1 тоннасының орнына 2 тонна комбикорм жемін алып, қырманымызда таудай болып үйіліп жататын. Енді бұны қажетке жарату үшін мал бордақылаумен қатар ет, сүт өнімдерін өндіруді қолға алдық. Тап сол кезде аудандағы мал бордақылау кешендерінде 10 мыңнан – 30 мың қойға дейін бордақыланды. Тоқтылардың еркегін бөліп алып байлаймыз, ал, ұрғашысын мал басын өсіруге қалдырамыз. Одан кейін, ірі қара, жылқы шаруашылығы да жақсы дамыды. Жер көп, мысалы, Қазанкөл таудың ар жағы, соған жол жасалып, малды жайлауға сонда асыратынбыз. Сөйтіп, еліміздің солтүстік аймағымен экономикалық байланысымыз жақсы қарқынмен дамып, шаруашылықтың өркендеуіне мүмкіндік туды. Аудан халқының хал-ахуалы да жоғарылады.

Ақылдаса келе малшылармен жұмысты да жаңа қырымен жандандыруды қолға алдық. Мысалы, 7-8 малшыны біріктіріп, бірін басшы етіп сайладық. Олармен өткізілетін жиналысты айдың әр күніне белгіледік, мәселен: бірінші топқа әр айдың 1, 11, 21-і күндері, екінші Жуантөбедегі малшылар тобына 2, 12, 22-сі дегендей. Үшінші Құрашыдағы малшылар тобы. Келісім бойынша әр он күн сайын жиналыс өткізіп тұратын болып келістік.

Себебі, оған дейін барған мал дәрігерлері, монша да малшыны таппайды. Мал да өрісте, жұмысшының әлеуметтік жағдайы, не бар, не жоқ, малдың саны, ауру-сырқауы, т.б. хабарсыз қайтып келетін. Малшы мен маман арасында ешқандай да жүйелі байланыс болмады. Бұл әрекеттердің бәрі де жұмысты ұйымдастыруға, нәтиже алуға тиімсіз еді. Біз жаңа әдісті енгізу жұмысын бастаған соң, айтылған күні аталмыш топ сайланған басшысының үйіне жиналатын болды. Жиналыс жасалып, хал-жағдайы мен қандай кедергілер бар, орталықта не болып жатыр, жалпы республика көлемінде қандай оқиғалар

болды, т.б. жаңалықтар айтылып, ұсыныстар қаралып, тиісті шешімдері шығарыла бастады. Монша да сол жерде, дәрігерлер де малшының бала-шағасының, өзінің де денсаулығын тексереді, мәдениет қызметкерлері дайындаған концерттік нөмірлерін өткізіп, кейде кино қойылып, малшы ауыл сол күні мәре-сәре болып қалатын.

Уақыт өте келе магнитофонда ән айту, өлең жолдау арқылы бір топ екінші топты жарысқа шақыру үрдісі қалыптасты. Өзара бәсекелестік пен социалистік жарыстың да өткізілуі жақсы жолға қойылды. Бұл әдісім малшылардың жұмысқа деген құлшынысын, жауапкершілігін де арттырып, көп ұзамай өз жемісін бере бастады. «Ерулік», «Соғымбасын беру» де осы жағдайға байланысты дайындалып, мал сойылып, көршілерін қонаққа шақыру кең етек алды.

Кейін, облыс көлемінде шаруашылығы артта қалған Ақсу ауданын басқарғанда да осы тәжірибемді қолданып, көп жетістіктерге жеттім. Мен алысқа бармадым, сол еңбек адамдарымен бірге жүріп, қуанышына да, қайғысына да ортақтасып, жұмыла бірге жұмыс жасадым. Енді ойлап көріңіз, бұдан кейін ол малшы қалай жұмыс жасамайды: қызығушылы бар, еңбегінің жемісін көріп отыр, әлеуметтік жағдай да жақсаруда. Міне осылай шаршамай, талмай халықпен етене жұмыс істедік. Ақсу ауданында да осы өмірлік тәжірибемді кеңінен қолдандым. Нәтижесінде ауданның экономикалық, әлеуметтік жағдайын жақсартуда көп көмегі тиіп, жұмысым да дөңгеленіп жүре берді. Басшылық пен ел-жұрттың құрметіне бөлендім.

Мен жалпы 13 жыл аудандарды басқарғанда (Панфилов, Ақсу, Кербұлақ) бірде-бір маманды, жұмысшыны қорқытып, «партиядан шығарамын, соттатамын, жұмыстан кетіремін» дегенді айтып қоқан-лоққы жасап көрмеген жан екенмін. Ел іші болған соң әртүрлі жағдайлар болады ғой, сондай кездерде біршама істі болған жазықсыз адамдарды да арашалап, сотталудан аман алып қалдым. Тәрбие жұмыстарына баса назар аудардым. Себебі, ол еңбек адамы ғой, үй-жайы, бала-шағасы бар дегендей. Содан жаман болмадым, облыс көлемінде танылып, әрдайым мерейім үстем болды. Кез келген жағдайда адамшылықтан айнымадым. Әрине, ел іші емес пе, кейбір менімен қанаттас аудан хатшылары осындай қорқыту, үркіту сияқты дөрекі әдістермен де ел басқарды ғой...

– Сіздер II-ші Дүниежүзілік соғыстан кейін өмірге келген ұрпақсыздар, балалық шақтарыңыз қиындықпен өтті. Дегенмен, сол кезеңде қазақы тәрбие мықты еді. Бүгінгі жас ұрпақтың тәрбиесіне көңіліңіз тола ма?

– Әрине, толмайды. Толмайтыны, ол кезде мектепте білім беру жүйесі қазіргідей емес, бағалау да басқаша және талап та қатал болатын. Кім оқып, кім оқымайды, шәкірттердің білім деңгейі айқын, талап пен тәртіп қатал болған соң білім сапасы да жоғары болатындығы даусыз. Қазір оның бірі жоқ, әйтеуір жақсы оқиды, «жақсы» деп жалпылама баға береді. Ол кезде оқушылар мұғалімдерді сыйлайтын, ұстаз келе жатқанда жол беріп, ілтипат көрсететінбіз. Әзіргі таңда оның бірі де жоқ, ата-анасынан бастап мұғалімді сыйлау, қадірлеу деген соңғы кезекте. Бұл өз кезегінде ұрпаққа білім мен тәрбие беруші ұстаздардың да жұмысын ауырлатып отыр. Ал, ұрпақ тәрбиесі кез келген мемлекет үшін күн тәртібінен түспейтін, қашанда алдыңғы қатарда болуы шарт.

Мақтанғаным емес, салыстырмалы түрде алғанда бүгінгі күнгі білім мен тәрбиенің сапасы біздің Кеңес дәуірі заманында алған біліміміздің көрсеткішіне жетпейді. Мысалы, мен мектеп қабырғасында жүргенде көптеген кітаптар оқыдым, соның бірі Н.Островскийдің «Как закалялась сталь» атты романы. Сонда, мынадай деп айтады: «Надо прожить жизнь так, что потом не было мучительно, больно за бесценные прожитые годы». Міне бұл сөздер сол оқыған сәттен бері көкейімде жатталып, менің өмір бойғы ұстанымым болып келеді.

Мәселен, мен кейде оқу ордаларындағы кездесулерде қазіргі 10 және 11-ші сынып балаларынан физика пәні бойынша Ньютонның заңдарын, Ом заңын, Фарадейдің заңын, одан соң әдебиеттен белгілі қаламгерлердің шығармаларын сұраймын. Көбі білмейді, сонда бұл не болды? Амал жоқ, ұстаздарға басу айтып, берген білімдеріңіз сапалы болсын, мына жас ұрпақтың, елдің обалына қалмаңыздар дегеннен басқа айтарымыз жоқ. Міне, қайталап айтамын біздің кезіміздегі білім беру жүйесінің сапалылығы, жүйелілігі осындай еді, қарағым.

– Бізде осы «130 ұлт өкілдері тұрады» деген жауыр болған сөз бар. Біздің Кеңес заманында «ұлттар лабораториясына» айналғанымызды жақсы білесіз. Осы өзге ұлт диаспоралары мемлекет құрып отырған автотохтонды қазақ халқына қарыздар екендіктерін ұмытып кете беретіні несі, аға?

– Енді мынау сұрағыңа қарай өткенге қайта оралар болсам, біздің Кеңестік уақытта ұлтқа мүлдем бөлінбейтін. Егер ондай жағдай бола қалса колхоз, совхоз басшылары бірден аудан басшысына келетін. Сөгіс беріп, бюроға салып бірден шара қолданатынбыз. Бұл жер осында тұратын халықтың Отаны. Неге десеңіз олардың бәрі осы жерде өсіп-өніп, балалы-шағалы болып отыр ғой. Біздер көбіне аталмыш бағытта да көп жұмыс істедік.

– 2017 жылы «Жаркент қаласының 135 жылдығы» тойланды. Сонда есептеп көрсек Жаркент қаласының іргетасы 1882 жылы қаланған болып шығады. Ал, қазақтың біртуар ғалымы Шоқан Уәлиханов 1856 жылғы Қашғар сапарында «Джаркенть қаласы» деп картаға түсіріп кеткен екен. Сіз қалай ойлайсыз, аға?

– Жоқ, Жаркенттің тарихи бастауы 1882 жыл дегені дұрыс емес. Жаркент қаласы әлдеқайда бұрын құрылып, пайда болған, тарихы тереңнен бастау алады. Мінекей, иегіміздің астында жатқан Ұлы Жібек жолының өзі-ақ соның айқын дәлелі. Тек қана Жаркент емес, анау Аккент, Ілебалық, Түргенкент, тағы басқа елді мекендер ежелден келе жатқан қалалар екендігі даусыз.

– Ғалым аға, бүгінгі қоғам ала – құла. Қарттарды тыңдап жатқан жастар жоқ. Жастарға бағыт беріп, өнеге көрсетер қарттарымыз да саусақпен санарлық. Қалай ойлайсыз, мүмкін бізге «Ақсақалдар институтын» құру керек шығар?

– Енді ол жөнінен институт құрыла ма, не болмаса басқа бір құрылым бола ма, немесе қазір де құрылған «Ақсақалдар алқасы» әр ауылда, қалада бар мес пе?! Бірақ, өкінішке қарай солардың бірде-бірі жұмыс істемейді. Аты бар, заты жоқ дегендей. Себебі, қарттармен көп араласамын, «рушылдыққа, ұлтсыздыққа салынып кеткендермен неге күрес жүргізбейсіздер» деп те біршама жерде айттым. Олардың кез келген мекеменің, мектептің, ұжымның жұмысына араласуға өкілдіктері бар ғой, соны неге пайдаланып жұмыс жүргізбейді, соған таңым бар. Неге десеңіз сол ақсақалдардың өмір көріп, өмір мектебінен алған тәжірибелері бар емес пе? Оларға ешкім де қарсы бола алмайды. Амал қанша, оны ойлап жатқан ешкім жоқ. «Сен тимесең, мен тимен...» әрекетпен әйтеуір сол жылжып күн өтсе дейді. Ол дұрыс емес, сонда біздің бала-шағамыздың келешегі не болмақ? Қазіргі қоғам да ойдағыдай емес, біздер келешекке – жалтақ, жылпос, қорқақ, пара беруші, қылмыскер сияқты ұрпақ тәрбиелеп жатқан жоқпыз ба деген ойлар маза бермейді. Демек, тәрбие беру жүйесі де нашар, сапасы төмен. Ол аз десеңіз қаптап кеткен әсіре діншілдер анау, рушылдық, жершілдік тағы бар.

Бұл қоғам қазақты біріктіріп, бір бағытта жұмыс жасаудың орнына керісінше ыдыратуда. Ертеңгі күні ел басына күн туған жағдай болса сыртқы дұшпандарымыз бірімізді бірімізге айдап салары сөзсіз. Біздің алауыздығымызды өз пайдаларына жаратып кетері хақ. Әсіресе, рушылдықтан келер кесапаттың қиын екендігін бәріміз түсінгеніміз жөн. Мәселен, трайбализм мен жершілдік жемқорлыққа апаратын тура жол. Біздер қазір жемқорлықпен күресеміз деп ұрандатып жатамыз, оның бәрі бекершілік. Ең бірінші рушылдық, жершілдікпен күресу керек! Мен бірақ мысал келтірейін: қазіргі біздің қоғамдағы жемқорлықтың сыбайластыққа ұласқаны сондай, бүгінгі қылмыскер ертесі бостандықта жүреді. Біреу миллиондап ақша жесе – ол бостандықта жүреді, ал, сиыр немесе жылқы ұрлағандар 7-10 жылға түрмеге кетіп жатыр. Сонда, әділеттілік қайда қалды? Бұндай жағдайды күніге көріп, араласып та жүрміз. Себебін сұрасаң сылтауы да, жауабы да дайын, түбін зерделеп ойласаң бәрі де сол сыбайластық пен жемқорлықта жатыр.

– Ғалым аға, қазақ үшін туған жерден, отаннан, атамекеннен асқан қасиетті ұғым жоқ. Қазақ жер үшін бәріне де дайын екендігін соңғы жылдары дәлелдеді. Бірақ, біздегі осы жер бөлінісі қалай? Өзіңіз де жеке шаруа қожалығын басқарасыз дегендей...

– Жалпы, сонау 1993 жылы колхоз, совхоздарды тарату жөнінде мәселе көтерілгенде мен бірден қарсы болдым. Себебі, ауыл шаруашылығы ірі көлемді, кешенді жұмыс. Өйткені ауданды басқарып тұрғанда, өмірлік тәжірибеде бәрін де көзбен көріп, қолмен істедік қой. Ал, қазір не болды? Соның бәрінен айырылдық. Мысалы сол уақытта бір колхоздың берген дүниесін, атап айтсақ – астық, ет, сүт өнімдерін қазіргі құрылған 2000-нан астам шаруа қожалықтары бере алмай отыр. Бізде сондай қаншама шаруашылық болды, миллиондап өнім де берді, бәрінен айырылдық. Уақыт өте келе кооператив заңы шығып, қайта ірілендіру жұмыстары басталып, менің «қарсы айтқан» пікірлерім дұрыс болып шығып, дәлелденіп келеді. Яғни, шаруашылықты ірілендірмесе ешқандай жетістік те жоқ, нәтиже де бермейді. Оның қазіргі айқын дәлелі Беларусь Республикасы, ондағы сақталып қалған колхоз, совхоздардың бүгінгі таңда біздер сүтін ішіп, етін жеп отырмыз, бұған енді не дейсіз?

– Сөзіңіздің жаны бар. Аға, сондай-ақ мынау флора мен фауна мәселесі бүгінгі таңда өте өзекті. «Алтынемел» қорығын құрып, тұмса табиғатты сақтап, ел игілігіне жаратуға аянбай тер төктіңіз. Біздің Жетісу Алатауында аң қалды ма аға, өзі? Броконьерлерге қалай тосқауыл қоюға болады?

– Айтар едім, сол 90-шы жылдардан бастап колхоз, совхоз ыдырап, завод, фабрикалар тоналып жатқанда жерлестеріміз табиғатты да тонауды бастады. Мен басшылық еткендегі Басши ауылына 13 жылдан кейін қайтып барсам ауыл төңірегінде жайылып жүретін аңнан түк те жоқ. Қайда кеткен деп сұрастырсам, күндіз-түні атқылап, аулап дымын қалдырмаған ғой. Содан ой келді, «Кім болдық біз? Біз көргенді өзіміздің ұрпағымыз көрмей ма?» деп халықпен жұмысты қайта жандандырып, Кербұлақ ауданының үш шаруашылығы – Шоқан, Қарашоқы, Амангелді, Панфилов жақтан – Қоңырөленнің Октябрь, Айдарлының Гвардия совхоздары басшыларымен, еңбеккерлерімен ақылдаса келе, түсінік жұмыстарын жүргізіп, соңында «Алтынемел» ұлттық паркін құру мәселесін алға қойдым.

Бұл істің басталуы сол өткен ғасырдың 90-шы жылдары еді. Түсінік жұмысымыздың негізгі өзегі былай болды: «Халайық табиғаттың мына байлығы құрып барады. Біз көрген дүниемізді балаларымыз да көрсін. Табиғатты тонап, жойып жіберсек, біздің кім болғанымыз? Бұл табиғаттың кереметін менің ғана емес, сенің де ұрпағың көреді. Сен қалай осыған қосылып, қолдамай отырсың?! Туған жердің патриотымын, азаматымын десең туған жеріңнің табиғатын неге қорғамайсың?!» деген жалынды сөздермен түсіндіру жұмыстарын жан-жақты жүргізгеннің арқасында ұлттық паркке керекті жерді айқындадық. Неге десеңіз, сол кездегі үкімет басшысы Ү.Қараманов бір сөзінде: «Маған қатыстының бәрін жасап берейін, ал жер мәселесін өзің шеш. Бұл сала менің құзырыма қарамайды» деп өзінің пікірін білдірді. Сөйтіп, жиналыста шешім шығартып, барлығының қолдарын қойдыртып, ел-жұрттың осыншама жерді өз еріктерімен беріп отырғандығын дәлелдеп, керекті құжаттарды да жинап, алып бардым.

Ол кісі мұқият тексеріп, сараптама жасап болған соң 1991 жылы 10-шы сәуірде «Алтынемел» ұлттық парктің уақытша дирекциясы құрылсын, парктің бас директоры болып Басши совхозының директоры Тұрғамбаев Ғалым тағайындалсын деп бекітіп берді. Анығын айтар болсам, біздер сонау 1991-96 жылдары аралығында мемлекет қазынасынан бір тиын алмай, паркті өзіміз қорғадық. Қорғаушыларымыздың негізгі бөлігі қарапайым халық, малшы, жұмысшылар болды. Өйткені олар күндіз-түні сыртта жүреді емес пе. Бәріне хабарлама жасадық: сырттан жаяу, атпен, көлікпен немесе мотоциклмен келген бөтен адам көрсеңдер басшылыққа хабар беріңдер, – деп қолдарына рациялар беріп, барша тұрғындарға ескерту жасадық. Халық үлкен қолғабыс жасап, көптеген броконьерлер мен тәртіп бұзушылар ұсталып, айыппұлдар алынды. Тұмса табиғатты қорғауда қырағылық көрсетіп, адалдық танытқан кісілерге айыппұл есебінен ынталандыру сыйлықтары беріліп отырды. Нәтижесін нақты айтар болсақ – үш полковникті, екі начальник милицияның бастығын және Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары (ол кезде Талдықорған облысы бөлек болатын), сондай-ақ, Талғар және Еңбекшіқазақ ауданының әкімдері ұсталып, содан бастап өзіме жау таптым. Жоғарғы жаққа жаманатты болып, біршама қысымдар жасалып, көптеген кедергілерге тап болдым. Бірақ, еңбегіміз жанып, осынау 4-5 жылдың аралығында қорықтағы аңның саны 3 есеге артты.

Бір күні сол кездегі Премьер-министр Ә.Қажыгелдин қасында біршама адамдарымен келіп, әлгі далада топ-тобымен жүрген аңдарды, құлан, қарақұйрық, тауешкілерді көріп таңданысын жасыра алмай: «Егерде маған Алматыдан 200 шақырым жерде осындай дүние бар десе сенбес едім. Рахмет Ғалеке, міне сізге жапонның ең қымбат «Лэнд Крузер» автокөлігін жеке басыңызға сыйлыққа тартамын. Және бұл паркті сіздің атыңызбен атау жайлы мәселені көтерсек те еш ағаттығы жоқ екен, мынадай ұшан-теңіз еңбек елеусіз қалмауы керек!», – деп бүкіл ұлттық парк қызметкерлерінің алдында мерейімді бір өсіріп кетіп еді.

Кейіндері Елбасының өзі де үш рет келіп, келешек үшін жасап жатқан тірлігіміздің куәгері болып, ризалығын білдірген болатын. Ол кезде жасыратыны жоқ құлан, қарақұйрық тағы басқа аңдардың көптігі сондай тура ауыл маңайында түйе, жылқымен бірге жайылатын. Сол кезде түсірген бейнебаяндар да әлі күнге сақтаулы. Амал не, таусылмайтын кедергілер мезі қылып шаршадым, сол себептен 1999 жылы өзім іргесін қалап, уығын қадаған «Алтынемел» ұлттық паркіндегі қызметтен кеттім. Туған жер табиғатын келер ұрпаққа аман жеткізсем деген бағытта жасалған жұмыс, жылдар бойы төккен тер, адал еңбек далаға кетті. Менен кейін бірнеше басшы ауысты, қазірге парктің жағдайы қандай екенінен хабарсызбын.

Ал енді, бір қызығы, аталмыш «Алтынемел» паркі туралы бірнеше кітап шықты, алғаш болып бастама көтеріп, оны құрған менің есімім еш жерде жоқ, көрсетілмеген, аталмаған. Қала берді Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығында ма, нақты есімде жоқ, менен кейінгі болған парк директоры үкіметтен орден алып, үлкен марапатқа ие болды. Сол кезде қызметтес болған замандастарымның жолығысып, өткен-кеткенді еске алғанда, «көңіліңізге келмесін, Ғалеке, халық пен келешек үшін жасаған еңбектеріңіздің зая кеткеніне біздің де қабырғамыз қайысады» деген сөздері жанымa қатты батады. Қолдан келер қайран жоқ, тап қазіргі қоғамда ақиқат әділетсіздіктің құрбаны болып тұр. Сондай бір келеңсіздіктердің орын алып жатқан жағдайы бар, қарағым.

– Өзекті ой, сүбелі сөз айттыңыз аға. Енді соңғы сұрағым: Қазақстанның болашағын қалай елестетесіз? Біз «Мәңгілік ел» болу үшін не істеуіміз керек?

– Өз ойымды айтар болсам, біздер «Мәңгілік Ел» болуымыз үшін: біріншіден – жеріміз кең, халқымыз аз, демек біз үшін бірлік, татулық бәрінен қымбат! Және еліміздің демографиялық жағдайын көтеруге көп көңіл бөлінуі қажет. Осындай бағдарлама аясында ұрпағымыз өсіп-өніп, санымыздың артуы – келешектің нақты кепілі. Тағы бір кезек күттірмейтін өзекті мәселе – рушылдықты, жершілдікті жойып, алауыздықтан арылуымыз қажет. Конституциямыз бар, заң бар, сол заңға бағынып, бәріміз де тең жауапкершілікте болып, өңірдегі барша халықты біріктіріп, ынтымағымызды арттырғанымыз абзал. Кез келген адам ұлтына, әлеуметтік жағдайына қарамай жасаған қылмысы үшін заң алдында бірдей жауапкершілікке тартылғаны жөн. Яғни, күнделікті өмірімізде Конституция жүзеге асып, әділеттілік салтанат құруы тиіс!

Екіншіден – «Ақсақалдар алқасы», «Ұлттық мәдени орталықтары» әділетті болып, өздеріне бұра тартпай, ынтымаққа, бірлікке, татулыққа бастайтын бағытта жастар арасында түсінік жұмыстарын жан-жақты жүргізуді қолға алуы керек. Мысалы, Қордайдағы жағдайдан кейін бүкіл Қазақстан бойынша әр қалада, ауылда, елді мекендерде халықпен тығыз жұмыс істеуді бастауы керек еді. Міне, осындай келеңсіздіктердің алдын алу шаралары болмағандықтан әлеуметтік қақтығыстың салдарынан адам шығыны орын алып, үй, сауда нысандары өртелді. Егер дер уақытында алдын алу шаралары қолға алынбаса осындай қанды оқиғаның қайталанбасына кім кепіл? Халықпен жұмыс жасауды жүйелеп, бір жолға қою – келешек үшін ауадай қажет әрекеттің негізі. Сондықтан бірлік, ынтымақ, татулық біздер үшін бәрінен жоғары тұруы тиіс!

– Тұщымды әңгімеңізге көп рахмет, аға!

Сұхбаттасқан
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ

МЕНІҢ ӘКЕМ

(Басы 1-бетте)

Сонымен... Уақыттың ығында кетпей, өз соқпағын сомдаған адам ғана өмірде жетістіктерге жете алатыны бесенеден мәлім. Қызығы мен қиындығы қатар өрілген ұзақ жолда замандастарынан озық болған, бойындағы өнерімен, әрі игілікті ісімен елге танылған, күйкі тірлікті күйттемей, ұсақ-түйекке қуатын сарықпай, өнерге жанымен жақын бола білген әкемнің өміріөнегелі жол. Әкеден үйренген жақсы қасиеттер аз емес. Өзінің атамекені Жаркент өңірінің арғы-бергі тарихына түгел қанық, ел аузында сақталған ескілікті есті әңгімелерді жадына түйген қазыналы жан. Өзінің он баласын тәрбиелеп өсірді, ұстаз ретінде қаншама жастың белін буып, бәйгеге қосты, өрге сүйреді, жеткізді. Туыс тартып, өзін жағалаған қаншама ағайындардың балаларына ақыл-кеңесін аямай, қол үшін беріп, олардың өмірдегі өз орындарын табуға ықпалынтигізді. Осындай адамның перзенті екенімді әрдайым мақтан тұтамын.

Өмірдің бұралаң жолында қалтарыста қалмай, шырғалаң жолында шырмалмай, қиындықтарды ерлікпен жеңе білген әкемді қайсар мінезді қайраткер десем де болады. Ізденіс үстінде шалдығу дегенді білмейтін, тынымсыз тірліктің тұтқасын ұстаған тұлға. Сөзге жүйрік, әзіл-қалжыңын тауып айтатын, өзім деген ортаның көркін өнерімен асыратын кемел жан. Ағаларын аялап, інілеріне ықыласын төгіп, қатарластарын қамшылап отыратын бауырмалдығы мен көпшіл мінезі бар. Міне, менің әкемнің қысқа да нұсқа сипаты.

Мен үйдің үлкені болғандықтан әжемнің тәрбиесінде өстім. Әжем отыздан асқанда жеті баламен жесір қалыпты. Дүрбелеңде арғы бетке өткен елдің де, бергі бетте кеңестік кезеңнің де ауыртпалықтарын еңсеріп, барлық балаларын жеткізген данышпан ана болатын. Балаларының барлығы жоғары білім алды, ана тәрбиесінен сусындаған олар адал еңбектері мен өнерлі өмірлерімен ел алқауына бөленді. Жастайынан іске зерек, мінезі қағілез, әрі ширақ қимылдайтын ортаншы баласы Әдепханды қара шаңыраққа ыңғайлапты. Әжем «төрт ұлым – бір төбе, Әдепханым – бір төбе» деп отыратын. Тіршілігінде алты буын ұрпақтың сабақтастығын көрген, өз құрсағынан 121 немере-шөбере өрбіткен әжем ерекше жан, асыл адам еді.

Болмысынан зерек туған зейінді бала еркелік пен балалықтың ауылын артқа тастап, ерте есейіпті. Бес жасынан әке қамқорынан ажыраған бала кішіге қорған, үлкенге сүйеу болу сезімін бойына ерте дарытыпты. Отбасының қамын ойлап, әулеттің салтанатты көшін жалғастыруды мақсат тұтқан жас жігіт жастайынан еңбекке араласыпты. Өйткені, ағалары білімге талпынып оқыса, інілері буындары бекімеген әлі жас екен. Осындай жағдайда отбасына деген жауапкершілікті сезіне біліп, әрі мойнына алған істі лайықты түрде атқару барысында әкем ерте есейіпті. «Қырық бесінші жылдары» деген өлеңінде:

Қырық бесінші жылдары мен небәрі бесте едім,
Өз қолыма ала алмай өмірімнің ескегін.
Қара сирақ, қап шалбар, жеңіс күнін аңсаумен,
Көп құрбымның бірі боп, мен де солай өскенмін, - дей келе:
Қилы қиын кезеңдер, басымыздан өтіпті,
Жетімдікке жел бермей, бұғанамыз бекіпті, - деп өткен өмір жолын өлеңмен өрнектейді.

Кәзіргі жастарға ертек сияқты естілер, дегенмен бес жасынан қара жұмысқа араласыпты. Ол кезде бейнәмге /суғарылмайтын егістік жер/ астық егіп, бидайды орып алу, малға шөп дайындау әр отбасының қалыпты тірлігі болған. Шөп дайындау, астық ору, қырман қызылдау жұмыстары қолмен орындалатын. Әжемнің айтуында, осындай қауырт жұмыстарды әкем өзіне тән пысықтығымен, ептілігімен, шапшаңдығымен тез аяқтап, тиянақтылығымен ауылға сүйкімді болыпты. Қолдағы ұсақ малдарды өріске жіберу, оларды суғару сияқты күнделікті ұсақ-түйек тірлікті әкем өзі-ақ тындырады екен.

Әкемнің әкесі Төрехан ақын болған адам. Ес білгеннен балаларын алдына отырғызып шежіре өлеңін жаттатады екен. Балаларға ем егумен /вакцинация/ қатар, атам ауылға «ұшыршы» болған екен. Ұшыршы деген сөз қырманыңды тазала, астығыңды ұшыр дегеннен шыққан. Ұшырылған таза астықтан салық жинаушыны «ұшыршы» деп атаған. Әр отбасы шамасына қарай жаздық, күздік егін егеді. Жер көлеміне орай немесе түсіміне қарай әркім кеусен берген. Атам атқарған осы қызметтері науқандық сипатта болғандықтан, ол кісі болмысынан өзіне тән серілік әуестігін көбірек көңіл бөліпті. Кермеден жорға, жүйрік аты үзілмейтін, мамағашта көкпар аты байлаулы тұратын, тақымынан жүрдек ат арылмайтын сері болыпты. Бедеу атын баптап, той-думанда өлеңін айтып, қыз-келіншектермен айтысып, жүрген жерінде сән салтанатын асырып, жиын-тойдың қызығына көрік берген өнерлі жігіт болған екен. Үйге келсе, балаларын алдына алып, шежіре өлеңін жаттатып, жыр-қиссаларды жатқа айтып, барлығын өнерге баулыпты.

Менің пайымдауымша, жастайынан әкесінің өлең-жыры құлағына сіңген әкем өнерге жақын болып өскен. Сырт елде қытай жерінде Жақыбай бидің әулеті бір ауылға шоғырланып, қауымдасып тірлік еткен. Төреханның әкесі Жақыбай да өнерлі адам болған, домбыра шертіп, өлең айтып, жорға ат ұстап, бәйгеден жүйрік оздырған екен. Сөзге тапқыр, шешен болғандықтан елі би сайлаған. Өнерге деген қабілет балаларына да қоныпты.

Нұрғали Жақыбайұлы да сөзге шешен, алғыр, әрі сауатты, орыс тіліне жүйрік болыпты. Кеңес өкіметі орнағанша Жаркент өңірінде болыс болған. Арғы бетте Суан руының басшысы зеңгі және ақалақшы болып істеген. Шығыс Түркістан үкіметі құрылғанда Ауылшаруашылығы Министрінің орынбасары қызметіне дейін жоғарылапты. Әкем жастайынан әрі шежірешіл, әрі білімді, әрі өмірден түйгені мол сұңғыла атасы Нұрғалидың өнегелі әңгімесіне сусындап өсіпті.

Біліктілігімен әріптестерін мойындатқан, көпшіл бауырмалдығымен танымал Нұрғали атамыздың тамыр-танысы да көп болған екен. Нұрғали атамыз ес білген балаларды алқалы жиын, салиқалы басқосуларда қасынан тастамай ертіп жүреді екен. Осындай тәрбиемен өскен әкем көкейге түйгені мол, көзі ашық жандардың тағылымды-танымды әңгімелеріне қанық болыпты. Болмысынан зерек болғандықтан естігенін зерделеп, көзкөргенін әспеттеп айта алатын шежірешілдік қасиетте бойына сіңген.

Көнекөз, сұңғыла ақсақалдардан естіген тарихи әңгімелер, ел аралағанда көз көріп, көңіліне түйген салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар әкеміздің таным пайымын тоғайтқаны анық. Өйткені, әкем өз елінің тағдырын, жерінің тарихын, елдің әдет ғұрпын және байырғы қазақтілін өте жақсы меңгерген жан. Ел билігін қолына ұстаған жақсы-жайсаңдар ортасының өнегелі істері ықпалын тигізгені анық. Дегенмен, алғышарт ұшқан ұясынан дарыған өнер киесі /қуаты/ болар. Әрине, әкемнің ақындығы, шежірешілдігі, сөзге тапқыр шешендігі алдымен әкенің қанымен, ананың ақ сүтімен берілген. Ақындық өнер, серілік қасиет, алғырлық пен тапқырлық жеті атамыздан үзілмей келе жатқан жақсы қасиеттер. Суан тайпасының ең үлкен тармағы Мырзамкелді бабамыздан бері біздің ауылдан өнер үзілмепті. Атасы Жақыбай Салпықұлы Суан елінің Тоқарыстан руына би болған, арғы атасы Салпық Ілешұлы «бес Мұратқа» би сайланған. Өз әкесі Төрехан Жақыбайұлы арғы бетте Алатау аймағына атағы жайылған айтыс ақыны болған.

Әкемнің ақындығы, қазақы қоңыр әндерді бабына келтіріп шырқауы, атбоздығы, серілігі ата-баба бойындағы асыл қасиеттердің жарқын бір парасы. Бесенеден бойына біткен өнерпаздық, сергектік пен ізденімпаздық, бабалардан дарыған жігер мен намыс, әжелерден сіңген кішіпейілдік пен даналық таспихтың тасындай үйлесім тауып, бүгінгі бекзат болмысының мазмұнын сомдағандай. Қашан көрсең де сергек қалпынан айнымайды, жұдырықтай жұмылып, атылатын жебедей тартылып жүреді. Бұл әкеме тән дара болмысының қолтаңбасы. Сексеннің сеңгіріне жетсе де сол туабіткен болмысынан таймай келеді.

Өзіндік болмыс бітіміне орай тұрмыс-тіршілігі де, әрекеті де бөлек тұлға. Саналы ғұмырында күйкі тірліктің жетегінде кеткен емес. Жастайынан жетімдіктің дәмін татып өскен әкем, намысын қайрап, тіршілікке деген ұмтылысын шыңдап жемісті еңбек етті. Замана тынысына тереңдеп, тіршіліктің сыры мен мәніне ой жіберген «Мұздамасам өмірде» атты өлеңінде:

Мұздамасам өмірде, жылылықты сезбес ем
Жақсылықты ұқпасам, жамандықтан безбес ем.
Топастыққа төзбеуім – даналықты көргеннен,
Тіршілікте мен соның барлығына кездесем.
... Ұлылығын өмірдің түсінбесем мәңгілік.

Өмір үшін, ар үшін мен күресіп жатпас ем, - деп өзінің өмірлік бағыт-бағдарын жырлайды.

Жаркент қаласындағы Ы. Алтынсарин атындағы Панфилов ауданындағы ең озық мектептің озат оқушысы болды. Мектеп қабырғасында туабіткен ақындық талантын ұштап, қабырға газетін шығаруға белсене атсалысты. Алматыдағы мемлекеттік университеттің /КазГУ/ журналистика факультетіне түспек болған. Конкурс көп болған соң, педагогикалық институттың /КазПИ/ физика-математика факультетіне түсіпті. Сол кезеңге тән өнерге құмар студенттік орта, жастарға ілтипатпен қарайтын аға буын ұстаздар әкемнің өз мамандығы бойынша білім алуымен қатар, әдебиетке деген құштарлығының ұшталуына ықпал етіпті.

Студент шағында үйленіп, балалы болған әкем, институттан кейін өзіне сенім артқан анасының көңілін жықпай ауылға келіп, мектепке мұғалім болып орналасады. Анасын қолына алып, елінің берекесін ұйытқан ауылының қоңырқай тірлігіне қуат беріп, ұстаздық қызметін атқарады. Әжем Мәриәмкүл болса, 35 жылдан астам осы қарашаңырақтың салтанатын асырып, берекесін тасытып, өзінен тараған 121 немере мен шөбересін өрбітіп бақылыққа аттанды.

Әкем Әдепхан Төреханұлы Алматы облысы, Панфилов ауданы, Көктал ауылындағы Абай атындағы орта мектепте тапжылмай 43 жыл ұстаздық етті. Ұстаздық ізгі ісі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Ұстаздық қарымының куәсі физика пәнінен республика бойынша өтетін байқауларда жеңімпаз болған қаншама шәкірттер дайындады. Осылай өткен ғасырдың 70-80 жылдарында Көктал ауылындағы Абай мектебінің атын республикаға әйгіледі. Бүгінгі таңда көптеген шәкірттері республиканың әр қиырында жемісті еңбек етуде. Ұзақ жылғы мұғалімдік қызметінің жемісі - «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» атанды және «Ыбырай Алтынсарин медалімен» марапатталды.

Уақыт биігінен қарасам, әкем ұстаз деген ұлы ұғымның асқақтығын әспеттегендей. Менің ұғымымда адам баласының жүрегінде қадір тұтып құрметтейтін екі қасиетті ұғым болса, алғашқысы – Ана, екіншісі – Ұстаз! «Ұстаз» деген қашанда қасиетті, қадірлі ұғым болған. Жақсы жанды көргенде «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген сөз ойға оралады. Қаншама шәкіртке білім нәрін беріп, өмірдің қыр-сырын білуге, сан қилы құбылыстарын терең түсінуге мұрындық болды.

Ең жақсы мұғалім шәкіртінің бойындағы үйрену құмарлығын оятқан адам деген тәмсілге сүйенсек, әкем өз шәкірттерінің бойында өмірге деген қызығушылығын оятқан ұстаздардың бірі. Астрономия пәнінен аспан әлемін игеру ілімін, мектеп бағдарламасының аясында қазақы пайыммен толықтырып, аспан денелерінің қарым-қатынасын халықтық астрономия тұрғысынан дәріптейтін. Қосымша сабақтарда қазақ халқының жұлдыздарға қарап жол бағдарлау, ауа-райын болжау әдістерін үйрететін. Әдебиет пәні бойынша факультативтік сабақтарда оқушылардың өнерге деген құштарлықтарын ұштау мақсатында әлем әдебиетінің асыл қазынасымен таныстырып, олардың құндылықтарына талдау жасайтын. Өмірдің әр қырын, әр сәтін дөп басып, қисынды өрілген өлең жолдарымен өрнектеуге баулитын. Абай ілімі, Шәкәрім, Сүйінбай, Жамбыл, Қасым мен Мұқағали сияқты қазақ ақындарының жауһар жырларымен оқушылардың таным-пайымын ашып, ой өрісін кеңейтуге ықпал етті. Осындай әдіспен шәкірттерінің білімін ұштап, ынталарына қажыр-қайрат қосып, ізгі армандарына жол ашты.

Сегізінші сыныптан жетекші болған, Көктал ауылының Абай атындағы мектебінің 1973 жылғы түлегі ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, академик Қырғызбай Бегімбеков: «Әдепхан ағай қәсібіне адал, ұстаз ретінде өнегенің озық үлгісін көрсетіп келеді. Әдепхан ағай жетекшілік жасаған түлектердің кейбірі мектепті алтын белгіге бітірді, көпшілігі өз мамандықтарының тарланбозы болып қалыптасты» деп толғаныпты. Мұғалім болу тек сабақ беру ғана емес екенін жақсы түсінген әкем, ғылым мен білім ғарыштап дамыған заманда өмір талабынан қалмас үшін үздіксіз іздену үстінде болды. Ұлы мамандықты нәсіп етіп, тамырлы кәсіпке ұластырған әкемнің ұстаздық тағылымы осындай.

Қуатты құлшыныс пен құшырлы ізденістерінің арқасында қатардағы мұғалім сапында қалып қоймай, баспасөз бетінде этнографиялық ізденістерімен, ақындық қырымен республикаға танымал болды. Білім беру ісінің үздігі, КСРО-ның үздік баспагері Ұлықман Асылов «Тауперзенті» деген мақалада әкемнің өлеңдеріне «...ешкімге ұқсамайтын тілдік-образдық сонылығымен, эстетикалық-этикалық тұщымдылығымен тартымды» деген баға берген. Жыл бойы аудандық, облыстық, республикалық баспасөз бетінде өлеңдері мен этнографиялық ізденістері жарияланып тұрды. Әкемнің әдебиет айдынындағы қарым-қабілеті мен қолтаңбасы туралы көзқарас-пікірлер легі елуге келген мерей тойынан бері әсте толастаған емес. Қазаққа танымал ақын-жазушылар мен қаламгерлер қалам тартқан пікірлер мен зерттеу мақалалары ғана жарты ғасырлық межеден асыпты. Шәкірттері шерткен сыр-пікірлер қаншама, үзеңгілес замандастары мен қоғам қайраткерлерінің де іңкәр лебіздері жеткілікті.

Біз ата-анамызға көмектесе жүріп, олардың тіршілікке икемді шебер дағдыларын, өмірдегі өнегелі істерін қабылдай отырып өстік, жетілдік. Өмірге қажетті дағды мен іскерлікті өз әке-шешемніздің ұлағатынан бойымызға сіңірдік. Әкемнің ниетіне орай жан жолдасы, біздің анамыз ол кісіге жарасымды жар болды. Әжемізді үлпілдетіп қарағаны жеке дара әңгіме. Екеуара сыйластығына ел сүйсінетін, отасқандарына елу жылдан асса да әкеміздің бетіне қарап сөйлегенін көрмедім. Әкемнің жазған еңбектерін қағазға түсіріп, шығармашылығының шырақшысы болды. Әкем шабыты келгенде ойын қағазға төте жазумен түсіретін, осы жазбаларды кириллицаға аударып жазатын анамыз болатын. Анамыздың тәрбиесімен әкеміздің қас-қабағына қарап өстік, бетіне жел болып тиген жеріміз жоқ. Бүгін де өзім әкемін. Немере сүйген атамын. Бірақ жүрегімді әлі күнге әкеге деген ықылас кернеп тұрады.

Әкеміз бізді еркелетті деп айта алмаймын. Бірақ немерелері мен шөберелері дегенде ықыласы ерекше. Осындай дана әкеңнің болуы өмірдің сыйы емес пе.

Әкем зейіл адам, орта жастан асқанша қаталдығы басым болды. Ол бағзы жандар құсап балаларын орынсыз еркелетіп, маңдайына күн, бетіне жел тигізбей үлпілдетіп өсірді деп айтуға келмейді. Бәрімізді еңбекке баулыды. Қатаң, талапшыл болды. Қойған талаптары тірлікке қажет барлық дүниені білсін, үйренсін, білімді болсын деген ой үдесінен өрбіген. Ондағы ойы балалары боркемік, бозөкпе болмай, ширақ, шымыр болып өссін деген ниеті болар. Өте ұқыпты, тазалықты жаны жақсы көретін. Әкемнің киім киісі, өзін-өзі ұстауы, жүріс-тұрысы, әдемі сөйлеп, айтар ойын әзілмен астарлап жеткізуі әлі күнге ел аузында аңыз сияқты айтылады. Осындай ерекше болмысымен болар, әкемнен білім алған жастардың арасынан суырылып шыққан мемлекеттік қайраткерлер жеткілікті.

Алғашқы шәкірттерінің өзі жетпістің етегіне ілініпті. Уысында тұрмайтын уақыт десеңші. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында мектеп бітірген шәкірттерінің ішінен суырылып шыққан Шотаев Аман - ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, қазақтың биязылау жүнді қой тұқымының авторларының бірі. Жетпісінші жылдары бітірген шәкірттерден шыққан қайраткерлер көп болды. Солардың бірі ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, академик Қырғызбай Бегімбеков, дегерес қойының тұқымын жақсартуда жаңа тип шығарған селекционер. Кезінде «Қазақстан» телерадио корпорациясының төрайымы болған Нұржан Жалауқызы Мұхамеджанова /Сұраншиева/ мектеп қабырғасынан әдебиетке қанатын ұштап шыққан шәкірттерінің бірі. Республикалық, облыстық және аудандық деңгейде үкіметтік қызметтерде басшылық тізгінін ұстап жүрген шәкірттері қаншама. Менің әкемнің аға буын өкілі ретінде ұрпақ алдындағы рухани парызының бұл тек бір парасы.

Қазақы болмысына тән әкем қанағатшыл адам. Дүниенің соңына түсіп, байлық жинауды тоғышарлық санады. «Байлық мұрат емес, жоқтық ұят емес» деген халық даналығын басшылыққа алды. Кәзіргі уақытта «ақылды болсаң неге бай емессің» дейтін ұрпақ буыны келді. Әрине, дәулетті тұрмыстың залалы жоқ екенін бәріміз түсінеміз, ал қолы қысқа жұпыны тұрмыс адамға қиын соғады. Дегенмен, тіршілікке деген қағілездігі мен еңбекжандылығының арқасында әрдайым қорасында қой, сауын сиыр болатын, аулада мінетін ат үзілмейтін. Құрметті қонағына қой сою әкемнің қонақжайлылығының бір парасы. «Ниетіңе қарай несібең» демекші, өзіне жетерлік дәулетінің арқасында дастарханы берекелі болды.

Әкем жаны жомарт, көңіл көкжиегі кең адам. Бір-бірінен байлығын асырып, бәсекеге түскен заманда, мен олардан қалмауым керек деген қарау ойға дес бермеді. Ақ жүрегінің адал пердесіне көлеңке түсіретін қарау ой әкеме жат. Сондықтанда, қанағат деген қасиетіне селкеу түсірмей, тойымсыздыққа ұрынбады. Сайып келгенде, Алладан берілген асыл қасиеті – барын қанағат тұтып, қолындағысын бағалап, ар тазалығын сақтады.

Бойындағы бар қайрат-жігерін, білімін, тәжірибесін, бүкіл саналы ғұмырын халқымыздың асыл қазынасы – салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарын зерттеуге арнап келеді. «Арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда?!» деп Абай айтқандай мал таппаққа құмартып, атақ-даңқ қумады. Ақжарқын пейілі, Белжайлаудай кең көңілі және елмен етене сыйластығының арқасында абыройға бөленді. Абыройдың даңқымен атақ та берілді. Осылай, адамгершілігіне селкеу түсірмеді.

Шиыр болған жүрмеймін ізімен мен басқаның,
Қиындыққа бұл менің өзімше аяқ басқаным.
Жерім дархан, елім бай, мен боламын соған сай,
Тұнық болса жұлдызды, айналайын, аспаным, - деп өзінің өмірлік ұстанымын, шығармашылық сара жолын айқындады.

Ағайындармен сыйласу, адамдарды сыйлау, көпшіліктің ортасында болу, содан ой түю әкемнің өмір дағдысы. Қарашаңырақ болған соң болар, үйден қонақ үзілмейтін. Өлең жазған кездері болмаса оңашалануды жаны сүймейтін. Жастайынан әкесіз өскен әкем, ағалар алақанының жылуын көп көрді. Ағалары Дәулетхан мен Әуелханның қамқорлығымен жоғары білім алды, еңбекке араласты. Анасы мен ағаларының арқасында ағайын-туыспен сыйласты, ел аралады, көпшілікпен етене араласты. Бабақоныс Белжайлау мен Жаркент өңірінің ат тұяғы жететін ғажайып тарихи жерлерін аралап, көзбен көрді. Жақыбай атасының үлкен ұлы Нұрғали мен кенжесі Мырзахан аталардың шежіре әңгімелеріне қанық болды. Жиырма бірінші ғасырдың тоғысында өзі де ауыл ағасы болды. Тәрбиемен қанға сіңген «ағаға құрмет, кішіге ізет» әдебімен кейінгілерге сол қызметті жалғастыра білген парасат иесіне айналды. Өзінен кейінгі інілері Базархан мен Ғанидың білім алуларына ағалық қамқорлығын

жасады. Орта мектепті сырттай оқытып, техникумда арнайы білім алдырып, қызметке орналастырып, ұнатқан қызына құда түсіп, келін әперіп, өмірдегі барлық қадамдарына қолдау көрсеткен інісі Базархан Жақыбаев бүгіндері елге белгілі азамат.

Қазақтың белді жазушысы Бексұлтан Нұржеке-ұлы «Ауыл бар, ауылда да өмір бар» деген мақаласында «Ауылдың сөз ұстары болады. Ауылдың абыройын сол арқалайды. Ауылдың надандығымен де сол күреседі. Біздің Орбұлақ өңірінде сондай адамның бірі – Әдепхан Жақыбаев. Біздің ауданда отыз жеті ауыл болса, сол ауылдың бәрі оны біледі, оны мақтан тұтады» деп ағынан жарылады. «Адамдар барға қарайды, жоққа қарамайды. Тіпті айтатыны, еске салатыны болған соң ғана ел Әдепханның аузына қарайды» деп әкемнің ақсақалдық қасиетіне тоқталыпты. Туған жерін анасындай әспеттеген, елін ерекше сыйлайтын Бексұлтан ағамыздың берген осы бағасы әкемнің өзіндік айтар ойы бар, сөзі ұытты жан екенін дәл тауып айтқан.

Жыл сайын жаз келісімен Жаркент өңірінің көркем жері Белжайлауға шығу біздің отбасыға тән жақсы дәстүр. Белжайлау - шығыстан батысқа созылған екі ұзын таудың ортасында жатқан жазықтау алқап. Жайлау көркі керемет: күнгей беткейін арша көмкерсе, теріскейін самсаған қарағайы әспеттеген көркем табиғат. Таза ауа, самал жел, қәусар бұлақ жанға дауа. Жоталарға жайылып өскен арша өңезіңді ашса, қарағайлы беткейдің ауасы тынысыңды кеңейтіп, көңіліңді сергітеді. Малшы қауым тау қойнауларын сағалай, өрекпіп ағып жатқан таудың мөлдір суын жағалай қоныстанады. Көз қызықтырар әсем көрініс жаныңды жадыратып, көңіліңді көтереді.

Жайлауға көшті бастайтын әжеміз. Әжем ауылдың үлкені, абыройлы жан, әкем болса мұғалім, ол кезде мұғалімнің қадірі ерекше еді. Ел алқауына бөленген әжемді қолпаштап, балаларының ұстазы әкеме құрмет көрсетіп қонаққа шақыратындар жайлау маусымы аяқталғанша бір тынбайды. Әйтеуір жаз бойы Белжайлаудың ат тұяғы жететін жерлерін аралап қайтатынбыз.

Біздер үшін жылдың ең қызықты маусымы, әрі тамашасы мол мерзімі осы жайлау төрінде өтетін. Жайлау төсінде шөбі шүйгін өріске мал аузы тиген соң, малшы қауымның арқасы кеңіп, қолы босайды. Қазақы дәстүрмен ағайын-туыстың басын қосып, бар жақсылығын осы жайлау төрінде тойлау біздің өңірге тән үрдіс. Бір ауданның төрт шаруашылығы бас түйісетін Белжайлау төскейі жаз бойы той-думанның төріне айналады. Күнде жиын, күнде той. Той қызығы ән айту, тақпақ жарыстыру, айтыс, күрес, теңге ілу, тай жарыс, көкпар. Балалар жаз бойы таза ауамен тыныстап, қәусар бұлақтан шөл басып, қымыз ішіп, тамаша қызықтап, тай мініп тақымдарын жазып, күш сынасып күресіп, ән орындап, тақпақ айтып, қара өлеңнің желісімен айтысқа түсіп, өнерлерін ұштап қайтатын. Жайлау төріндегі осы салтанаттың, шынымен, тәрбиелік мәні зор еді.

Әкем бәрімізге мектеп жасына жетпей атқа отыруды үйретті. Қонаққа барса да, жиынға барса да қасынан тастамай бірге ертіп жүретін. Атамекенде ағайын-туыс көп, олар бізді шақырады, біз оларды іздеп барамыз. Соның арқасында жер көрдік, ел таныдық. Әкем осындай жүрісімен салт-сананы, әдет-ғұрпты қанымызға сіңірді. Ол кезде дастархан көркі көнекөз сұңғыла ақсақалдар еді, олардың аузынан ғибратты әңгімелер мен тарихи шежірелерді естідік, соны көңілге түйіп өстік. Өмірі өнеге, сөзі дәріс ақсақалдардан қазақылықты бойымызға дарыттық. Қазақтың кең дәрия пейілі, өнегелі салт-дәстүрі жүрекке ұялады. Әкем балаларын жанына ертіп жүріп өмірге осылай баулыды. Біз қазақы болмысы бойынан арылмаған ақылгөй ақасақалдардың өзара сыйластығын, өзін-өзі ұстау әдебін көріп, көкейге тоқып ержеттік.

«Тәрбие – тал бесіктен» дегендей біздің отбасының тәрбиелік діңгегі қазақы кең пейіл болды. Бір жағынан қарашаңырақ болған соң, ағылып келіп-кетіп жатқан ағайын-туыс, екінші жағынан әкем өнерге жақын болған соң үйге келетін өнер адамдары, әдебиетшілер, тарихшылар. Ержеткеннен көз көріп өскенім елге танымал тұлғалар. Дәстүрлі ән өнерінің бұлбұлы Дәнеш Рақышев Жаркентке келсе, әжемізге амандаспай өтпейтін. Ол кісінің құрметіне ауылдың жақсы-жайсаңдары шақырылып, дастархан жайылады, ғибратты әңгімелер айтылып, ән тиегі ағытылатын. Есімде қалғаны, Дәнеш ағамыз әнімен елді баураса, белгілі әдебиетші Құрманбек Толыбаев ағамыз танымды әңгімелерімен ағайынның көкейіне жиналған шерін тарқатушы еді.

Алаш ақыны Оразақын Асқар, тарихшы Қойшығара Салғарин, Ақселеу Сейдімбек, көсемсөзші Сабыржан Шүкірұлы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор, ғалым-әдебиеттанушы Серік Негимов, журналист Аққөл Отарбаев, Жаркент өңірінің танымал азаматтары ақын Тоқбай Исабеков, Әбен Дәуренбеков және құрметті мұғалім, әрі жазушы Дәулет Қасенов ағаларымыздың тәлімді әңгімелерін естіп, өнегелі әдебін көріп ержеттік. Қазақ әдебиетінің дүрілдеген дәуірінде әкемнің дөңгеленген дастарханынан небір дүлдүл, небір бұлбұлдар дәм татты.

Туған жеріне деген махаббаттары өзектес, туыстығы жақын Қазақстанның құрметті жазушысы Бексұлтан Нұржеке-ұлы, інісі танымал жазушы Жүсіпбек Қорғасбек, қоғам қайраткері Мырзағали Молдахметов, белгілі баспагер Ұлықман Асылов, ғалым-әдебиеттанушы Сәрсенбі Дәуітұлы бауырларымен сыйластығы жақсы болды. Қазақтың жақсы қасиеттерін бойына сіңірген, кеңестік тәрбиенің қыспағынан шыққан қайраткер азаматтардың жүріс-тұрысы біздерге ғибрат болды. Осындай ортада жүрген әкенің балалары, әрине, жақсының шарапатын алады. «Жақсының ұлылығы дарымаса да, жылылығы дариды» демекші, шынымен, барлық балалар жақсы азамат болып қалыптасты. Әкемнің осы дос-жарандарының көзі тірісімен адал көңіл, шын ниетпен әлі сыйласып келеміз. Рухани үндестік сабақтастығы әсте үзілген емес.

Менің пайымдауымша, әкемнің қазақтың жақсы-жайсаңдарымен сыйластығы ақын жүрегінің адал сезімінен туындаған болар. Өнер адамдарының құдіретті тұлғасын түсінуге ұмтылу, халық құрметіне бөленген жайсаң жандармен сыйласу, олардың бойындағы жақсы қасиеттерден үлгі алу ниеті жатқаны даусыз. Әкем студент кезінде қазақ әдебиетінің марқасқалары Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсіреповтерді көрген, әңгімелерін естіген, дәмдес болған. Өнерге құштар, қоғамдық жұмысқа белсенді әкем Институттың ректоры, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллин ағамызбен, факультеттің деканы Меңдібай Сәтбаевтармен етене араласып, осындай ұлы адамдардың жақсы қасиеттерінен тағлым алған. Өнер адамына тән әкемнің кейбір мінездері осы адамдардан жұққан болар. Мұхтар Әуезовтың: «Неге озып кеттің деп біреудің шаужайына жабысқанша, неге қалып қойдым деп өзіңді қамшыла» деген сөзін өмір сүрудің басты қағидасы ретінде ұстады. Әкем үшін алдыңғы буын ағалардың бойындағы даналық, замандастарының бойындағы жақсы қасиеттер үлкен өмір мектебі болды.

Журналист Аққөл Отарбаев «Табиғатын ата жұрттың жырға қосып» деген мақаласында өткен ғасырдың алпысыншы жылдары «Қазақ әдебиетіне» шыққан әкемнің «Үлкенағаш» деген өлеңінің тарихын баяндапты. Әкем «құласаң нардан құла» деген ұстаныммен алғашқы өлеңдер топтамасын «Әулиеағаш – Атамекен» деген тақырыппен газеттің әдебиет бөліміне Ғафу Қайырбековке апарған екен. Өлеңдерді оқып шыққан Ғафекең: «өлеңдерің жақсы екен. Басшыларға ұсыныс жасап көрейін. «Әулиеағаш» деген өлеңіңнің тақырыбын өзгерткенің жөн. Қалқам-ау, мына заманда ағаштың әулиесін қайдан таптың? Кейін өзіңе пәле болып жабысады. Сөйт, қарағым», - деп шығарып салыпты. Ғафекең уәдесін орындап, көп ұзамай әкемнің өлеңі газетте жарияланыпты. Бұл тұс әкемнің «өлеңде әркімнің де бар таласы» деп жастық қызуқандылықпен жүрген шағы десем болар.

Шындығында, халық Әулиеағаш атап кеткен алып ағаш кеңес кезінде Үлкенағаш, Жуанағаш, Киеліағаш деп аталып жүрді. Егемендік алғаннан кейін біраз уақыттан соң байырғы Әулиеағаш аты қалпына келді. Жергілікті халық «Әулеағаш» деп атап кеткен бұл алып қарағаш Жаркент өңірінде жеті ғасырдан бері өсіп тұр. Жеті адамның құшағы әрең жететін алып ағашты төртқұл дүниенің үш қана жерінен кездестіруге болады екен. Бірі – көрші Қытайда, екіншісі – Меккеде, ал үшіншісі, осы – Жаркенттегі «Әулиеағаш». Әулиеағаш өскен жерді ілгеріде біздің бабаларымыз мекен еткен жер. Мен шөпшегі болып келетін бабам – «Салпық би» осы жерді мекендеп, тақырдағы кең алқапқа су шығарып, елінің диқаншылықпен шұғылдануына мұрындық болған көреген адам болыпты. Бабамыз қазған тоған мен арық әлі күнге «Салпық тоған», «Салпық арық» деп аталады. Бабамның кесенесі Әулиеағаштың өр жағында екі жүз метр қашықтықта өзінің көктеуі болған «Салпық сазы» деп аталып кеткен ойпаңдау жерде орналасқан.

Әкем болмысынан романтикаға жақын, сезімге бай, әр нәрседен әдемілікті іздейтін жан. Жақсылық көрсе жаны сүйсінеді. Жамандықты көрсе, сезсе болды, көңілі жабырқайды.

Мүмкін, әкемнің ақын болуына мұрындық болған осы сезімтал сергектігі болар. Сергектік бойына әке қаны, ана сүтімен берілсе де, оның қалыптасуына туған жер құдіретінің ықпалы зор деп пайымдаймын. Жарық дүниеге келгенде тербетілген бесік іспетті, атақоныс өз перзентін туған жерінің жаратылысымен, өткен тарихымен жалғастыратын көпір сияқты. «Адам болмысы туған жеріне байланысты» деген түсінік бар екенін ескерсек, баланың дүниетанымының да туған жерінде, өз елінің ықпалымен қалыптасатыны табиғи заңдылық.

Әкемнің атақонысы - Жаркент өңірі Ұлы жібек жолында орналасқан, қойнауы тарихқа толы қасиетті мекен. Бұл өңірдің ерекше құт-берекесі – таңғажайып әсем табиғаты, шипалы арасан сулары және «түгін тартсаң, май шығатын, гүлін терсең бал шығатын» құйқалы жері. Елдің кең пейілін дәріптегендей бұл өңірдің жайлауы – «Белжайлау» малға ыңғайлы, өрісі кең қоныс. Белжайлау орын тепкен Еренқабырға тауының еңсесі де биік, ұшар биігіндегі ақшаңқан мұзарты мен қасат қарлары – шаштары қылау тартқан сұңғыла ақсақалдарды елестететі. Белжайлаудың оңтүстігіндегі ең биік тау «Баркөрнеудің» төбесінен Іле атырабы толық көрінеді. Бұл тау әлемге әйгілі Шыңғысхан мекендеген байырғы «Көренлік» жайлауы. Орбұлақ шайқасы өткен атақты «Орбұлақ» кезеңі де осы жайлауда. Белжайлаудың «Үйгентас» белінде салқам Жәңгірдің бейіті жатыр. XII ғасырда Жамұқаға қарсы шыққан Онхон бастаған Керей батырдың қолы да осы жайлаудағы «Керейсайға» келіп тоқтаған. Тарих осылай сыр шертеді. Бұл қойнауы тарихқа толы туған жер туралы мағлұматтың тек бір парасы.

Әкем мұғалімдердің жазғы демалысында осы атақоныс Белжайлауға жыл сайын шығады. Жер шолып, ел аралап, туған жердің қыр-сырына қанып, көргенін көңілге тоқып, көнекөз ақылман адамдардан естігенін жадыға зерделеп, таным-пайымын түгендеп келеді. Туған жерге деген ыстық ықыласының, қазақы қонақжайлылығының арқасында осы Белжайлау төрінде қазаққа белгілі қаншама әйгілі тұлғалармен танысты, олармен дәмдес болды. Қазақы мінезіне орай, жақсы-жайсаңдарға жақын жүрді. Солардың жақсы қасиеттерінен өнеге алды, мінезін байытты, өнерін шыңдады.

«Өнер өмір өрнегі» дегендей, бойына біткен ақындық қабілет-қарымын шыныктырып, биік мақсаттарға ұмтылды. Алматы облысы, оның ішінде Панфилов ауданына өлеңдерімен ақын ретінде белгілі болса, республикалық баспасөзде этнографиялық жазбаларымен этнограф ретінде танылды. «Балдәурен», «Белжайлау», «Орбұлақ», «Баркөрнеу» атты өлеңдер жинағын шығарды.

Менің пайымдауынша, әкемнің өлеңдерінің ерекшелігі табиғилығында. Адам жанының адалдығын, іс әрекетінің тазалығын, қоғамдағы болмыс-құбылыстарды және туған жер табиғатын жырлауы шынайылықты көрсетеді. Туындылары ең алдымен өз топырағынан нәр алып, адамзаттық құндылықтарды терең қамтуымен ерекшеленеді. Туған жерге деген махаббат, еліне деген сүйіспеншілік, қазақы адамгершілік қасиеттер ақынның сезіміне серпін беріп, өлең жолдарымен өрілгендей. Ақынның қоғамдық ортаға өзінше ой тастаған әр туындысы ұлттық қазынаға құйылар үлес екені даусыз. Тынымсыз еңбек, үздіксіз ізденіс, ыждағаттылықпен ой елегінен өткізіп, әр сөзін жауапкершілікпен сұрыптай отырып, ұлт тілінің мәйегін көркем әдебиетке кеңмолынан пайдаланған ақын. Өлеңдерінде қолданылатын байырғы тіл мәтіні, сөз екпіні өзгеше болғандықтан адамға әсері де бөлек. Өз өңіріне тән мазмұнды тілін дәл орнымен пайдалану, байырғы көне сөздерді керек жеріне қолданып, өлеңнің өңін кіргізу, сөз құбылтып, мән-мазмұнын арттырып отырады, оқып отырып, еріксіз тәнті боласың.

Жастайынан көнекөз сұңғыла ақсақалдардан естіп, көкейіне түйгенін әкем қағазға түсіріп, этнографиялық бағытта көптеген ғылыми-танымдық материалдар жариялады. Танымдық мақалалары туған жердің тұғырын биіктетіп, елінің қадірін асқақтата түскендей. «Ұлттық таным тағлымы», «Жапырақ жайған бәйтерек», «Еңкеймеген еменнің бұтақтары» кітәптарында елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, туған ел мен туған жер тарихы барынша қамтылған. Ізденімпаздығы, еңбекқорлығы және пікір-пайым айтудағы батылдығымен этнограф ретінде туған жерінің байырғы атауларын қайта жаңғыртты, олардың сырына үңіліп, тарихын өлеңмен өрнектеді.

Әкем Әдепхан Төреханұлының ақындық қарымы, қаламгерлік жалыны, зерттеушілік пайымы, қайраткерлік шалымы, азаматтық бітім-болмысының толымы осы кітәптардан танылғандай. Өлеңдері мен танымдық мақалаларына кең толғамды байыптылық, дәуір тынысына үн қосқан сергектік және ақиқатшылдық тән. Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, халық даналығы мен көрегенділігін дәріптеген ізденістері рухани қазынамызға қосылған сүбелі үлес. Жерінің, елінің тарихын түгендеген шежірешілдігі қазаққа тән тектілік пәрменін дәріптейтін жеке басының қолтаңбасы.

Әкемнің шығармашылық жетістіктерін асыра бағалаудан аулақпын. Соңғы шыққан «Белжайлаудың Әдепханы» кітәбінде әкемнің шығармашылығына арналған толғам-ойлар, зерттеу мақалалар, арнау өлеңдер мен пікірлер топтастырылған.

Ауылда өмір сүріп, ұстаздық қызмет атқара жүріп, туа біткен табиғи поэтикалық дарынын ұштаған әкемнің әдеби ортаға танылуына мұрындық болған алаш ақыны Оразақын Асқар атамыз. Ағалық ақ пейілімен інісінің өлеңдер жинағын баспаға дайындап, «Елім дархан, жерім бай» атты таңдамалы туындылар жинағының екі томына редактор болды. Оразақын атамыздың қолдауымен халық жазушысы,көрнекті ақын Тұманбай Молдағалиев пен белгілі ақын Марфуға Айтқожа осы жинаққа пікір жазып, ұсыныс берген соң Қазақстан Жазушылар Одағына мүшелікке өтті.

Оразақын Асқар атамыздың «Ауылда да ақын бар» деген зерттеу мақаласында «Әдепханның туған жер туралы өлеңдері жырмен жазылған атамекеннің картасы сияқты» деп бағалайды. Өлеңдерінен «табиғат қанша ғажап болса да, ол поэзияда ғана кемелдене түседі екен» деген ой түйіндейді. Ақын өлеңдеріне берген бағасы әкемнің болмысын аша түскендей. Мысалы, «қыруар мақсаттың оңайына жүгірмей, оның қиынын таңдап, оның да сонысына, тыңына із салуды көздеу ерлікке парапар шешім» деген ой түйеді. «Жалтаң, жағымпаз емес... тірегі бір, ол – жаратушы Алла. Ал, тілегі мың. Мың болатыны, жеке басының ғана емес, ел тілегі», «жерінің байлығын, елінің дархандығын көре біліп, өзін соған сай болуға әзірлейді» деген баға береді. Шынымен де, әкемнің бар болмысы туған жерімен кіндіктесіп, туған елімен өрілген. Мақала соңында Оразақын Асқар «өлеңдері сәнді суреттей, айтылған әсем әндей, тартылған тәтті күйдей» деп тәнті болып, «өмірбаяны сол жазған өлеңдерінде» екеніне оқырмандар көңілін аударады.

Білім беру ісінің үздігі Ұлықман Асылов «Айдынға құйған ақ бұлақ» кітәбінде әкемнің шығармашылығына тереңірек бойлап, жан-жақты талдайды. Әкемнің этнографиялық жазбаларымен танысып «қазақ фольклорының, оның ішінде тұрмыс-салт жырларының қоспасыз, әрі байырғы, әрі көркем нұсқаларымен танысып, тәнті болғанын» айта келіп, «ондай ғылыми-танымдық маңызы зор, әрі уыз тілмен жұлындай жұтындыра жазылған дүниелер жиі кездесе бермейді» деп жоғары бағалайды. Әсіресе, «ғылыми ортадан шалғайдағы ауыл мектебінде физикадан сабақ беретін мұғалімнің ақындық қырынан танылып, ғылыми-танымдық бағалы еңбектер жазуына» таңырқағанын жасырмайды. «Туған өлкесінің тарихын тапса кітаптан, таппаса – елдің есінде қалған ескі әңгімелерден, жердің жемірілген бедер-белгілерінен іздеп, зерттейді» деп ақындық түйсігіне сүйініп, «тарихтың туған жерде таңбасы бар» деген ұстанымына разылығын білдіреді.

Ұлықман аға әкемнің ақындық қабілетінің қарымына ой жүгіртіп: «Әдепхан Төреханұлы - сөздік қоры бай, халқымыздың байырғы көне сөздерін немесе өте сирек қолданылатын ұғым атауларын көп білетін ақын, осы сөздерді орнымен қолданатын қаламгер. Оның өлеңдері еркін шабыттан туған әсемдігімен, образдығымен ерекшеленеді. Оның жаңа, татымды теңеу, эпитет, метафоралары қазақ көркем сөзінің құнды табыстарына жатады» деп ағалық ақ ниетімен ағынан жарылады.

Өнер де өзектес, әрі туыстығы жақын, қазақтың қарымды жазушысы Бексұлтан Нұржеке-ұлымен де жақсы сыйластықта. Туған жеріне деген ықыластары ерекше, елім деп елжіреген осы екі ақсақалдың «ағалық ақ ниеттері мен інілік іңкәр сезімдері» Суан тайпасының атақонысы Белжайлаудан нәр алғандай. Өнерлері өзектес ағайынды екеуі де жаз келісімен жайлауға тартады. Туған жерін көріп, мауқын басып, елін аралап, халқынан бойларына рух жинайды-ау. Мен солай түсінем.

Туған жеріне деген «емешегі үзілген» ерекше сезімдері, туған еліне деген құрметтері, сол жердің, сол елдің тарихына терең бойлауына күш беретіндей көрінеді. Екеуі де туған жері мен елін мақтаныш тұтып, төбелеріне көтереді. Тарихшы, жерлесіміз Қали Ыбрайымжанов «Ағаның ақ жайлауы» деген мақаласында екі ағасын «жапырағы жайқалып өскен, қатпар-қатпар тамырын тереңнен тартқан екі алып бәйтерек тұрғандай» деп суреттепті. Бексұлтан аға еліне сіңірген еңбегінің арқасында ауылдың ғана ақсақалы емес, еліміздің ақсақалына айналды. Ауылдастары, барлық оқырмандар мақтан тұтады. Бұл да болса, елін сүйген азаматтың жеткен ең үлкен жетістігі.

Бексұлтан ағам «Ауыл бар, ауылда да өмір бар» деген мақаласында: «Әдепхан туған жер мен туған әке-шешенің тұтасқан өмірін өлең етеді. Өлеңдерін оқығанда «апырмай, солай ғой» деп сүйсініп отырасың» дейді. «Әдепханның көп өлеңі жал құйрығы төгілген жорға аттың жүрісіндей болып келеді. Төгілген өлеңнің тәлімі де төгіліп тұрады. Сөзді жай ғана төгілтіп бермейді, бейнелеп, теңеп, әдемі суреттеп төгілтеді» деп бағалайды. Жеке басының қасиетіне тоқталғанда: «Алауыздық пен өсек-аяңның ортасынан оны оқшаулап әкететін Әдепханның әулиесі – өлеңі» деп әкемнің ақындық мінезін дәл сипаттапты.

Оқырманы мол, танымал жазушы, әрі жерлес бауырымыз Жүсіпбек Қорғасбек «Белжайлаудың Әдепханы» деген мақаласында өлеңдеріне талдау жасай отырып: «әркімнің қаламына іліге бермейтін сурет. Иіріміне иіре тартып әкетердей шымыр орам. Табиғат пен тіршіліктің әркім-әркім аңдай бермейтін шебер үйлесімі» деп әкемнің ақындық қарымын ашыпты.

Жерлес қаламгер інілері: Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Ислам-Ғали Үркімбайұлы «Парасаты мол, талғампаз азамат» атты зерттеу мақаласында әкемнің ақындығына, этнографиялық ізденістеріне тоқталып, талғампаздығын тілге тиек еткен. Журналист Мырзағали Нұрсейіт «Ақын елдің ардағы» деп тебіренсе, Нұрәділ Бегімбет «Әдепханның әлемі» деп дәріптеген. Ақын, қаламгер Ерғазы Манапұлы «Сексеуіл сертті қаламгер» атты мақаласында «әдебиеттің, өнердің жай-жапсарын түгендеп, жастарды алқалап отырғаны» деп інілік іңкәр лебізін жеткізсе, өкіл баласы, тарихшы Қали Ыбырайымжанов «Рухани болмыстың қайраткері» мақаласында «рухани қазынаның балы тамған дара тұлғасы» деп әспеттепті. Сайлау Солтанқұлов ағамыз «Сергектігі сетінемеген ақын» мақаласында «жаны да жас, жүрегі де жас» деп әкемнің сергек мінезіне назар аударыпты.

Келтірілген үзінділер әкемнің шығармашылығына берілген толымды пікірлердің тек бір парасы. Алаш ақыны Оразақын Асқар жазған «Әрі ұстаз, әрі ақын» өлеңінен басталған, ақын Тоқбай Исабеков қостаған «Сыршылдығың естіртті бұлақ үнін» деген өлеңінен тыс қаншама арнау және құттықтау өлеңдер легі баспасөз бетінде жарияланды. Солардың бір парасы: Құдайберді Құсайын жазған «Баркөрнеу биігіндей беделіңіз» өлеңі, Сүлеймен Керімбековтің «Хан – ата» арнауы, Дастан Толымбековтің «Ақберен ақынға» арнауы және тағы басқалары. Осы бір ізгілік іңкәр лебіздер елім деп ет жүрегі елжіреген әкемнің көп жылғы тынымсыз еңбегінің қайтарымы, әрі әкемнің шығармашылығына деген құрметін дәріптегендей.

Осы лебіздер топтастырылған «Белжайлаудың Әдепханы»

(Жалғасы 8-бетте)

(Басы 6-7-бетте)

кітәбінен оқырман қауым көңілдеріне қонақтаған сауалдарына жан-жақты жауап-сырларды, толғам-ойларды қалауынша таба алады дер едім.

Ұлықман ағам «Айдынға құйған ақ бұлақ» кітәбінде әкемнің сері мінез, қызу қанды екенін айтып, әнші-сазгерлік қырына тоқталады. Ән айту өнеріне тәнті болып, «талант тармақты болады екен ау» деген ойын білдіреді. Ақындық талант, ән айту өнері әкеме әке қанымен келгені өмір заңдылығы, дегенмен, менің әжем де бір кісідей ән айтатын. Әке қанымен берілген дарын, ана тәрбиесімен ұшталған осы өнер әкемнің тұлғасын даралап, шоқтығын биіктетіп тұрғандай.

Кезінде ән өнерінің бұлбұлы Дәнеш Рақышев ағасы жоғары бағалаған «Жайлау әні» атты әннің сазы да, сөзі де өзінікі. Бұл әнді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Дәнеш ағамыздың кенже шәкірті Нұржан Жампейісов ініміз республикамыздың биік сахналарынан орындап жүр.

Белжайлау төрінде елінің алқауына бөленген Дәнеш ағамыз 1982 жылдары «Суықтың сайын» өрлеп, қасат қар жатқан биік тауға ұлар көруге шығады. Сол сапарында, саятшылық әсерімен «Сағынышым, ұларым» деген ән туады. Әннің сөзін әкем Әдепхан Төреханұлы жазған. Бұл ән «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні» антологиясына енген. Жалпы, әкемнің шамырқанған шабытынан туындаған отыздан астам өлеңдеріне ән жазылыпты. Солардың ішінде «Анама», «Сағыныш сазы», «Жаз дидарлы Жаркент», «Саят», «Қызыл еспе», «Тау қызы» атты әндері елге кеңінен таралған. Бұл да болса әкемнің қаламынан туындаған лирикалық өлеңдердің қуаты мен әсерінің адам жанына ықпалын айғақтағандай.

Өлеңдер мен арнаулардан тыс әкеме арналып шыққан әндер де бар. «Ардақ тұтқан ел-жұрты»

деген әннің сөзін жазған Арасанбай Естенов, әнін шығарған Қ.Аманжолов. «Әз ағамыз Әдепхан» дегеннің әннің сөзін жазған жергілікті жас ақын Мұрат Күлімбет. Осындай әнмен өрілген құрмет, әкемнің шығармашылық қарымына деген сүйіспеншіліктен туындаған болар. Ал, әкемнің өнерге деген құштарлығының арқасында осы сыйға бөленгені де бір керемет. Бұл да болса, Алланың берген бағы болар деп пайымдаймын.

«Халқымның қуанышты бұлбұлымын, Жұртымның жүйрігінің дүлдүлімін» деп Ілияс Жансүгіров жырлағандай әкем осы жетістіктердің бәріне тектілік тегеуіріннен тыс, өзінің білімділігімен, оқығаны мен көргенін көңілге тоқыған алғырлығымен, туа біткен дарынының арқасында жетті деп ойлаймын.

Әкем туралы көп айтуға болады, әйткенмен, толық айтып түгесу мүмкін емес-ау. Қытай даналығында «жақсы әңгімеде барлық мәселені қамту мүмкін емес» дегендей, әрине, адами және қаламгерлік болмысы – мен айтқаннан әлдеқайда кең, ауқымды. Табиғи талант, қажырлы еңбек, шығармашылық әлеміндегі өзіндік жеке қолтаңба Әдепхан Төреханұлына тиесілі екені даусыз. Менің көпшілікке айтпағым сол еді, бір әулеттің көшіне сән беріп, өмірдегі, әрі өнердегі өзінің сара жолын анықтаған әкеме тағзым жасау менің балалық парызым дер едім.

Айбын ТӨРЕХАНОВ,
академик.

Жүзден де аға, асыңыз!

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, өнегелі ұстаз, айтулы ақын Әдеп-Хан Төреханұлының 80 жас мерейтойына жыр-шашу

Әдепхан аға - кәриям,
Өлеңде шалқар дәриям!
Құрметпен шексіз, аялап,
Хан-ата дейді жанұяң!
Ұстаздық пенен Ақындық,
Өмірден алған үлесің.
Сеңгірінен сексеннің,
Қол бұлғап бізге күлесің.
Жаңалығына жаһанның,
Құлағыңды түресің.
Сұңғыла туған кәриям,
Бәрін де оймен білесің.

Төрехан ердің ұлысың,
Кейінге үлгі ұлы ісің!
Бетке ұстап биік көтерер,
Аудан жұртының туысың!
Поэзия өрінде,
Тарылып көрмеген тынысың!
Кем болып көрмеген ырысың!
Ұстаздық еткен өмірде,
Шәкірттеріңнің жырысың!
Менің Ырысжан жеңгемнің,
Жүрегіндегі сырысың!
Сан қыздың қолы жетпеген,
Жетелі ұлдың бірісің!

Әдепхан аға, Хан-аға,
Құтты боп 80 жасыңыз,
Жыр сүйер мынау халқыңа,
Еркелеңіз, тасыңыз!
Жасаған өзі жар болса,
Жүзден де аға, асыңыз!
Өрге қарай үнемі,
Домалай берсін тасыңыз!

Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ,
ақын.

Ардақты Ата, Ұлы Ұстаз, Аңыз Адам

Әдепхандай әкемнің мен күніге,
Еңбегіне тамсанам, ерлігіне.
Абыроймен өмірін адал сүріп,
Сыймен келді сексеннің сеңгіріне.

Ел алдында ардақты, зор бағасы,
Ұлағатты ұстаздың - ол дарасы.
Шәкірттерін мыңдаған айтпағанда,
Олжа болды Отанға он баласы.

Тәліміне шөліркеп таласқан ел,
Қазаққа бер, барыңды, Алашқа бер.
Алты ұл, төрт қыз өрбітті кіндігінен,
Жарасбайдың қызымен жарасқан ер.

Айбын - ғылым докторы, академик,
Әкеге еріп өскен ұл, ата көріп.
Ақылман боп ер жетті анасынан,
Ақ сүтпен адалдықты қатар еміп.

Айырбастап еңбекке еркіндігін,
Думан ұлы ұстады ел тізгінін.
Ақыл нұрын сіңіріп әкесінің,
Батырлығын байрақ қып Елтіндінің.

Дархан ұлы қолға алып құрылысты,
Таба білді кәсіптен мың ырысты.
Ұжым түгіл әр ұлдың шамасы бар,
Басқаруға би болып бір Ұлысты.

Әр баласы тірлікті жайпар еді,
Атасына рахмет айтады елі.
Қызметіне халықтың жанын салған,
Бата берді Байтаққа байтақ елі.

Ал Ақберен - жігіттің иықтысы,
Жүйрік баптап, мал бағу - сүйікті ісі.
Шаңырақтың иесі, елде қалған,
Береке мен бірліктің ұйытқысы.

Самұрыққа ұқсайтын әрбір үні,
«Самұрықтың» төрінде Барлық ұлы.
Парасат пен пайымы жарасқан ер,
Келіп сәлем берердей ханның ұлы.

Еркек - түзге, қыз бала - үйге сымбат,
Бешпетіне тағады түйме сырлап.
Жазиралы Жаркентте туған қызға
Жазерке деп қойылған үйлесімді ат.

Бұлбұл әнге қосқандай таңертең кеп,
Ынтықтырып мөлдірлік жан өртемек.
Аруына Алаштың айналсын деп,
Бір қызына ат берген Ақерке деп.

Мейіріммен шыға алса шыңға бірге,
Ата-аналар батпайды мұңға мүлде.
Берекедей қызы бар осынау үй,
Берекелі шаңырақ шын мәнінде.

Еркесі боп елінің Елерке қыз,
Мақтанады қызымен кең өлкеміз.
Тәлімі зор сүйсініп ата-анаға,
Жүректегі толқиды өлең-теңіз.

Қосақталса өмірің дұрыс жанмен,
Тыңғылықты жасайсың жұмысты әбден.
Жәннәтта да жасаңыз мәңгі-бақи,
Батыр Ана, адал жар - Рысжанмен.

Жақсыға арнап тілден бал тамыза алам,
Ұрпағыңыз өсе берсін абыз ағам!
Үш-ақ сөзбен үш жүзге аты қалар:
Ардақты Ата, Ұлы Ұстаз, Аңыз Адам!

Балғымбек ИМАШЕВ,
айтыскер ақын,
«Алтын домбыра» иегері.

Ұрпағыңмен ұзарсын ғұмырыңыз

Ал аға құтты болғай сексеніңіз,
Сексенде самал желдей ескеніңіз.
Тоқсанға тосылмай жет деп тілейміз,
Періште құлағына жетсе үніміз.
Жампоз Жамбыл секілді ғасыр жасап,
Үш жүздің басын қосып кеш беріңіз.

Жыр жазсаң, орамды сөз ойға алдыңыз
Өмір деген додада бәйге алдыңыз.
Қаламды қолыңызға қару етіп,
Әдебиет сардары боп сайландыңыз.
Сексеннің сеңгіріне шықсаңыз да,
Сіздерді семсер дейміз қайраулы біз.
Алақандай ауылда өмірге кеп,
Алатаудай тұлғаға айналдыңыз.

Жүрген соң ісіңізді анық көріп,
Жатыр ғой бағаңызды халық беріп.
Алаштың ақсақалы боп отырсыз,
Жастарға бата менен бағыт беріп.
Қырық жыл жарық шаштың жас ұрпаққа,
Білімнің білте шамын жағып беріп.

Жарқырап кеудеңізде төс белгіңіз,
Сексеннің сеңгіріне хош келдіңіз!
Адамдық сертіңізді берік ұстап,
Адалдық ар-иманды дос көрдіңіз.
Мәйекті сөз ұрпаққа қалдырам деп,
Майқы билер бастаған көшке ердіңіз.

Он балаңа бағыттап он саланы,
Отаныңның депсіз ғой болшы адамы.
Өзіңіз салған соқпақ жолдарменен,
Олар да болашаққа жол салады.

Би болса да әр сөзін хан құптаған,
Әкеден бата алады бар мықты адам.
Барлық балаң бір төбе болса дағы,
Ертөстіктей бір төбе Барлық балаң.

Тілерім лайланбасын тұнығыңыз,
Тау тұлға биіктесін тұғырыңыз.
Ұл-қызың мұхит асып, білім іздеп
Деп жатыр өркендесін ғылымымыз.
Әр бірін атап қайтем әр қайсысы,
Шаңыраққа шаншылған уығыңыз.
Шөліркеген шағында ойнақтаған,
Шөберең құйған суды сіміріңіз.
Белжайлаудың шыққандай белесіне,
Шөпшегіңмен жарысып жүгіріңіз.
Әдебиет әлемінде әлі талай,
Қынаптан қылыштай жыр суырыңыз.
Сұңқардай қанатыңыз қайрылмастан,
Тұлпардай жер танабын қуырыңыз.
Лұқпан Хакім секілді мың жасаған,
Ұрпағыңмен ұзарсын ғұмырыңыз!
Осылай тойыңызға жыр арнады,
Жандарбек Бұлғақовтай бір ұлыңыз.

Жандарбек БҰЛҒАҚОВ,
айтыскер ақын,
«Алтын домбыра» иегері.

«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕК**
Бас редактор – **Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары – **Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**
Дизайнер – **Әділет МҰСАХАЕВ**

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➢Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➢Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➢Газет индексі - 65161
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➢Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➢Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
➢Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №156